

Мақсатым – тіл ұстартым,  
өнер шаппақ...  
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**12/2020**

**ЖЕЛТОҚСАН**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

<i>Абай әлеміне ғылыми көзқарас</i>	
О. ЖҰБАЕВА. Абай шығармаларын когнитивті тұрғыдан зерттеу қажет.....	3
<i>Кітапханада Абай әлемі</i>	
Н. А. ҚҰЛЖАНОВА. Абай мұрасы – халық ұлағаты .....	26
А. МҰҚАШЕВА. Абай – ұлттық рухтың алдаспаны.....	29
<i>Журнал олжасы – ойлы оқырман</i>	
М.ӘБЛҰЛЫ. Мен – Қазақстанның патриотымын! .....	34
<i>Ұстаз ұсынысы</i>	
С. Қ. АҚБАЕВА. Жаңартылған білім мазмұны шеңберінде сабақ үдерісінде пайда болатын мәселелерді шешу жолдары.....	39
<i>Ел боламын десен...</i>	
Қ.ДҮРІМБАЕВА. Жалпақ жұрттың жүгі.....	42
<i>Тілім – мақтанышым</i>	
М. К. ЖҮЗТАЕВА. Тіл – ұлттың жаны.....	45
<i>Асылды тот баспас</i>	
Ш.Е.КАКЕНОВА. “Әбіш Кекілбаев – ұлағатты ұстаз” .....	61
<i>Ұстаз толғанысы</i>	
Ж.Ж. ЖҰМАБАЕВА. Орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша өткізілетін сабақ қандай болуы керек?.....	66
<i>Терминдер төңірегінде</i>	
Ж. А. САҒЫНОВА. Күкық қорғау саласындағы терминдер .....	74
<i>Бұлақ көрсен, көзін аш!</i>	
Ж. М. ШАРИ. Ақын рухы.....	79
<i>Қазақ әдебиеті: ортақ әдіс, озық тәжірибе</i>	
Г.К. КОЙШИБАЕВА. Махамбет Өтемісұлы.....	81
К. М. ТАСМАҒАМБЕТОВА. М. Мақатаев “Аққулар ұйықтағанда” .....	86
М. ОКЕШ. Б.Сокпақбаев Менің атым – Қожа.....	94
<i>Қазақ тілі: ортақ әдіс, озық тәжірибе</i>	
Б. Р. БАТЫРОВА. Жаһандандудың пайдасы мен зияны.....	99
А. А. ҮБӘЙТЖАН. Астана – әсем қала.....	105
Қ.Ә. ШӘРІП. Радио және теледидардың пайдасы мен зияны.....	112
А. Б. ШОХАНАЕВА. Мамандық.....	120
<i>Сыныптан тыс шара</i>	
П.С. АЛИМБЕКОВА. Туған өлке тұлғалары.....	133
<i>Кітапхана тынысы</i>	
Т. ТІЛЕУЛЕСОВ, А. САЛІЕВА. Абыз жайлы аңыз.....	141

## Ұлттық ұлағат

УДК 82.0(574)

С. ОСПАНҰЛЫ,  
Филология ғылымдарының  
кандидаты, профессор.

К. М. МЫРЗАҒАЛИЕВА,  
Филология ғылымдарының  
кандидаты,  
қауымдастырылған профессор.  
А. Байтұрсынов атындағы  
Қостанай өңірлік университеті.

## БАСҚА ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНІҢ ДОМБЫРА, КҮЙ, КҮЙШІЛЕР, ДОМБЫРАШЫЛАР ЖАЙЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ

### Аңдатпа

Қазақтың қасиетті қара домбырасының үніне өзге Ұлт өкілдері де қызығушылық танытып, осы музыкалық аспап туралы, күй, күйшілер, домбырашылар жайында зерттеу еңбектер жазды.

Бұл мақалада сол зерттеу еңбектер хақында әңгіме қозғалып, қай кітап қашан, қай баспадан жарық көргені айтылып, мән-мазмұны зерделенеді.

### Кілт сөздер:

музыка, күй, күйші, домбыра, композитор, қайраткер, ән, музыка сынышысы.

1870-1883 жылдары Түркістанда тұрған неміс халқының өкілі Август Феодорович Эйхгорн (1844-1909) Орталық Азия халықтарының әндері мен әуендері, музыкалық аспаптары туралы кітап жазды. Оның бұл еңбегі 1963 жылы неміс тілінен орыс тіліне аударылып, «Музыкальная фольклористика в Узбекистане первые записи» под.ред.проф. В.М.Беляева» деген атпен Ташкентте жарық көрді. Онда негізінен Түркістан, оның құрамындағы

Оңтүстік Қазақстан мен Алматы облысының оңтүстігінде тұратын қазақтардың әндері мен әуендері, музыкалық аспаптары, тұрмыс-салты әңгіме болады.

Кітап «Қырғыз музыкасы», «Өзбек музыкасы» деп талатын екі бөлімнен, «Зангиатодағы халық мерекесі», «Орталық Азия халықтарының музыкалық аспаптарының толық жинағы» деген қосымшалардан тұрады.

«Қырғыз музыкасы» қысқаша алғы сөзбен (кіріспе – С.О) басталады.

Алғы сөзде автор зерттеу еңбегін жазуға не себеп болғанына, қазақ жерінің географиялық орналасу тәртібіне, тарихына қысқаша тоқталып өтеді.

Осы бөлімде автор домбыра, қобыз, сыбызғы жайында айтып, олардың бітім-пішіні, дыбыс шығару мүмкіндігі, үні мен тембрі қандай екендігіне де баға береді [1.].

А.Ф.Эйхгорн скрипкашы, әскери капельмейстер, композитор. Орталық Азияның музыкалық аспаптарын жинаған. Ол аспаптар бұл күнде М.И.Глинка атындағы Орталық музыка музейінде сақтаулы.

***Қазақ халқының музыка мәдениетіне зор үлес қосып, оның ілгері басуына ықпал еткен айтулы тұлғалардың бірі – Александр Викторович Затаевич.***

Қазақтың дәстүрлі музыкасымен ол 1920 жылы Орынбор қаласына қызмет бабымен келгенде танысады. Алғаш қазақ музыкасына қызыға қарап, әуендерді құмарта тыңдаған ол оның ұшаң-теңіз байлығына көз жеткізеді. Сөйтіп, халық мұрасын жинап, зерттей бастайды. Бірінші дүниежүзі соғысы аяқталмай жатып, азамат соғысы басталған елді аштық, ауру меңдеген қиын-қыстау кез еді. Соған қарамастан, әнге, күйге құштар ол жасының ұлғайғанын да ескермей халық музыкасын жинауға аса құштарлықпен кіріседі. Нәтижесінде 1925 жылы «Қазақ халқының 1000 әні», 1931 жылы «Қазақтың 500 әні мен күйі» атты кітаптары дүниеге келді. Бұл халқымыздың музыкалық мұрасының молдығын, олардың рухани әлеміміздегі айырықша құбылыс екенін таныта түсті.

А.Затаевичтің (поляк) аз уақыт ішінде бітірген бұл еңбектерін халық музыкасымен айналысатын сол кездегі музыка зерттеушілері мен сыншылары, көзі қарақты мәдениет, әдебиет өкілдері жоғары бағалады. Белгілі музыка зерттеушісі Б.Асафьев оны «*революциялық мәдениеттің бастаушысы, газырлар, иә болмаса мыңдаған жылдар мәдениетінің теңдесі жоқ ескерткіші*» десе, француздың атақты жазушысы Ромен Роллан «*Музыкалық фольклор жинаудағы дүниежүзілік рекорд*» деп, таң-тамаша қалысты. Шындығында да, Затаевичтің аз уақыт ішінде қазақтың екі мыңнан астам әні мен күйін жинап кітап етіп бастырып шығаруы әлемдік этнография, фольклористика тарихындағы орны ерекше құбылыс болды. Дегенмен «эттеген-ай» дегізіп өкініш тудыратын тұстары да жоқ емес. Соның бірі қазақ тілін жетік білмегендіктен ән мәтіндерін толық бермеуі. Сондықтан олардың көбі халық жадынан өшіп кетті.

Музыка қайраткерінің «Қазақтың 1000 әні» жинағын М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының музыка бөлімі мен Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының ғылыми қызметкерлері бірлесе отырып, 1963 жылы қайта бастырып шығарды.

2005 жылы Затаевичтің осы 1000 әні мен 500 күйі «Дайк-Пресс» баспасынан тағы да жарық көрді. Алайда бұл екі қайта басылым да кейбір күйлердің атауларын өзгертіп, түсініктер толықтырылғанымен қаз қалпында шыққан.

Яғни бұл кітап әнші, күйшілер үшін қазір қажет емес. Өйткені «қазіргі біздің домбыра бұрауымыз басқа...Соған байланысты А.Жұбанов мына күйлерді жүйеге келтіріп, сол бұрауға түсірді. Біздің ойнап жүрген «Сарыарқа», «Серпер», «Кенес» күйлері осы жүйеге келтірілген күйлер. Е.Брусилковский көптеген әндерді «Қыз Жібек» операсына қолданды. М.Төлебаев «Біржан-Сараға», А.Жұбанов «Абай» операсына қолданды. Осының ішінде солардың кейбіреулері бар. Затаевичтің еңбектерінің құндылығы сонда жатыр. Затаевичте айып жоқ. Күйшілер қалай тартты, кітапқа солай түсірді. Бірақ енді соны жаңа заманға лайықтап, өңдеп,

толықтырып қайта баспасак бұл кітап осы күйінде кімге керек?!

...Мысалы «Гауһартас» әнін Бибігүл қалай орындап жүр, солай қылып жетілген түрінде берейік, немесе, күйлер болса, біздің тартып жүргеніміздей етіп қайта жазып шығарайық дедік. Келіскендей болып еді. Мына кітаптың 128-бетіндегі «Адай күйін» алыңызшы, мынау 2 минутқа да жетпейтін күй ғой. Бәріміз білетін біз орындап жүген «Адай» күйі мынадай емес. Ал, осындай күй бола ма екен? [2].

Затаевичтің 2005 жылы жарық көрген «Қазақтың 1000 әні мен 500 күйі» кітабы жайындағы марқұм, күйші Қаршыға Ахмедияровтың пікірі бұл.

Біздің бұл жайттарды егжей-тегжейлі жазып отырған себебіміз, бір ғана бұл кітап емес, осындай ондаған бүгінгі күн талабына сай келмейтін еңбектер сол қалпында қайта жарық көріп жатыр. Олардың арасында кешегі Кеңес заманының идеологиясын қолдайтын, солақай саясаттың сойылын соғатын дүниелер де жоқ емес. Сондықтан да кез келген қайта басылымға мұқият қарап, шығатын еңбек туралы жақсы білетін мамандар кеңесін тыңдау артық болмас еді. Бәрі сол мамандар ақыл-кеңесін тыңдамаудың, білмегендіктің кесірі екендігінің бір мысалы жоғарыдағы сөз болған кітап.

Қазақ халқының музыкалық фольклорын жинап, зерттеуде Б.Г.Ерзаковичтің (1908-1997) сіңірген еңбегі де зор. Ол А.Затаевич бастаған істі жақсы жалғастыра білді. Белгілі композитор А.Жұбанов, Л.Хамиди, Брусиловскийлермен тізе қоса еңбек етіп, кәсіптік музыка мәдениетіндегі жазба дәстүрінің алдыңғы қатарында болды.

Б.Г.Ерзаковичтің әкесі Петропавловскідегі камералық оркестрдің дрижері, шешесі сол оркестрдің кәсіби скрипкашысы еді. «Ұяда не көрсен, соны ілерсің» деген, Борис те өнерге құштар болып өсті. Петропавловскіге жер аударылып келген венгр офицерінен фортопиано сыныбынан алғаш сабақ алып, кейін өз бетімен ойнап, музыкалық сауатын ұштай түседі. Мұны байқаған атасы Гольдвассер театр оркестіріне фастармонияда (клавишті музыкалық

аспап) ойнауға алады.

Көрермендер көңілінен шығу үшін оркестр әр ұлттың әндерін орындайтын. Борис қазақ әндерімен алғаш осы оркестрде жүріп танысты. «Тамаша ән ырғағы оның құштарлығын оятты. Қазақ әндеріне деген қызығушылығына себеп болған тағы мына жағдай болды. Хормейстер И.Коцықтың жетекшілігімен қазақ педагогикалық техникумында аралас хор ұжымы ұйымдастырылды. Олар жазғы бақта және театрда өнерлерін көрсетті» [3, 27-29 бб.].

Б.Ерзакович Омбы музыка техникумының фортопиано бөлімін 1930 жылы бітіреді. 1931 жылы СССР байланыс министрлігінің жанынан ұйымдастырылған Бүкілодақтық радиохабар комитетінің музыка редакторларының курсына Мәскеуге жіберіледі. Сонда жүріп ол А.Затаевич- пен ойда жоқта кездесіп қалады. Атақты композитор, музыка сыншысы, этнограф оған қазақ халық музыкасын жинап, зерттесең қайтеді деген ұсынысын айтады. Сол 1931 жылдан бастап Борис Ерзакович қазақ радио орталығында қызмет істей жүріп бес жүзге тарта қазақ музыкасының фальклор үлгілерін жазып алады.

1945 жылы А.Жұбановтың шақыруымен Қазақ Ғалым Академиясында қызметке орналасқан ол бар ғұмырын қазақтың музыка фальклорын жинап, зерттеу жұмысына арнады.

Орыс ғалымы, Петербург университеті мен консерваторияның Н.А.Римский-Корсаков сыныбында композиция бөлімінде білім алған С.Р. Рыбаков (1864-1922) Торғай облысында ұзақ жыл тұрады. Соған орай ол жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігін, этнографиясын зерттеп, жүзден аса халық күйлері мен әндерін жинайды.

Сергей Гаврилович – Ресей географиялық қоғамның, (1893-1901), 1896 жылдан Орынбор губерниясының ғылыми архив комиссиясының мүшесі болған.

А.Д.Алексеевтің 1955 жылы «Музыкальная культура Казахстана» журналында жарық көрген «Қазақтың домбыра музыкасы» мақаласы да сол кездегі тынымдық дүние еді.

Александр Дмитриевич (1902-1974) – музыкатанушы,

өнертану ғылымдарының докторы, (1948) Мәскеу консерваториясын бітірген (фортепиано сыныбы бойынша), профессор (1951).

Оның алғашқы мамандығы ұшқыш еді. 1937 жылы А.Д.Алексеевтің басқаруымен И.Д.Папанин экспедициясы Н-172 ұшағымен солтүстік мұзды мұхитына қонды. Соған орай 1937 жылдың 27 маусымында А.Д.Алексеевке Советтер Одағының батыры атағы берілген.

Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында бір топ ұшқыш, арасында Алексеев те бар, И.В.Сталинге хат жолдап, алысқа ұзақ ұшуды қамтамасыз ететін арнайы бөлім ашу жөнінде ұсыныс жасайды. Ұсыныс қабылданып 1944 жылға дейін Анатолий Дмитриевич осы авиобөлімнің командирі болады. 1944 жылдың күзінде негізінен түнде жау тылына ПЕ-8 ұшағымен 27 рет әскери шабуыл жасалады.

А.Д.Алексеев үш рет Ленин, бір рет Қызыл Ту орденімен наградталады.

С.М.Зарухованың домбыра жайында жазған еңбектері де көңіл аударарлық. Оның к вопросу о заключительных кадансах в казахской домбровой музыке // Искусство и иностранные языки. Алма-Ата, 1966, Форма и лад в казахской домбровой музыке // Народная музыка в Казахстане. А., 1967; О двух приемах голосоведения в казахской домбровой музыке // Музыкаознание. А., 1968, атты мақалалары аттары айтып тұрғандай, домбыра төңірегінде.

Н.Ф.Тифтикиди 1921 жылы 11 тамызда Боржомиде грек отбасында дүниеге келген. Жастық шағы Бакуде өткен, сонда музыка мектебінде, алғаш фортепиано, сосын скрипка сыныбында оқыған. 1941 жылы Баку консерваториясына оқуға түсіп, 1941-1942 жылдары концерт бригадасы құрамында жаралы жауынгерлер госпиталдарында өнер көрсете бастайды.

1944 жылы Ұлы Отан соғысы аяқталғанша майданның қара жұмысына алынады. 1949-1955 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысына келеді.

1952 жылы Алматы консерваториясының тарихи-теориялық факультетін үздік бітіріп, 1950-1956 жылдары

музыка училищесінде, 1964-1967 жылдары Алматы консерваториясында музыка теориясы кафедрасының меңгерушісі, 1976-1984 жылдары Ростов мемлекеттік музыка педагогикалық институтында ғылыми проректор қызметін атқарады.

1974 жылы «Система ритма и темпа домбровой музыки западного Казахстана» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды.

1998 жылы Мәскеуге қоныс аударып, музыка саласында қызметін жалғастырады.

2014 жылы 27 мымырда дүниеден өткен.

Николай Фомичтің «Закономерности ритма домбровой музыки казахского народа» // Искусство и иностранные языки –Алма-Ата, 1966; «Особенности методической организации домбровых кюев» // Музыкаведение. –Алма-Ата, 1967; «Песенные исток и музыки домбровых кюев» // Народная музыка Казахстана, -Алма-Ата, 1967, мақалаларында да негізінен домбыра музыкасының теориялық жағы зерттеліп, зерделенеді.

П.В.Аравин (1820-1887) – музыкатанушы, 1954 жылдан бастап 25 жыл бойы Алматы консерваториясының музыка тарихы кафедрасының меңгерушісі болған. Өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор (1984), мәдениет қайраткері.

Петр Васильевич негізінен қазақ халқының музыкалық фольклорын зерттеген. Оның шығармаларының құндылығы – ол Алматы, Астархань, Ленинград, Орынбор, Мәскеу мұражайларында отырып көрнекті қазақ композиторлары жайында материалдар жинаған. Бұрын ешкім жазбаған жаңа деректер тапқан. Солардың бірі 1961 жылы қазақ ССР Ұлттық Академиясының Хабаршысында (№4) жарық көрген «Құрманғазы туралы жаңа материалдар» мақаласы. Зерттеушінің «Дәулеткерей – ұлы күйші» (Алматы, 1964), «Дәулеткерей және XIX ғасырдағы қазақ музыкасы» (Москва, 1984) еңбектерінде де ұлы күйші жайында жаңа деректер келтіріледі. Сондай-ақ Тәттімбет өнерінің сан

қырлылығы айтылып, оның сыр-сипаты ашылады.

«Құрманғазы туралы жаңа материалдар» мақаласында автор Қазақ ССР Орталық Мемлекеттік архивінен және де басқа мұрағаттардан алынған құжаттарға сүйене отырып Құрманғазының жазықсыз қудаланғаны, сондай-ақ оның түрмеден қалай қашқаны жайында соны деректер келтіреді. «Мал ұрлады» деген сөздің де бекер екенін жаңа табылған құжаттар негізінде дәлелдеп шықты. Аравиннің «XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ музыкасы туралы орыс ғалымдарының очерктері», (// Музыказнание. Алма-Ата, 1968) еңбегі де архив материалдарына сүйеніліп, бұлтартпас деректер келтіріліп жазылған.

Ғалым-зерттеушінің 1966 жылы «Искусство и иностранные языки» журналында жарық көрген «Казахская домбыровая музыка», «Теории народных ладов», 1973 жылы «Музыковедение» журналында шыққан «Ритмическая организация казахского мелоса», «Переменная структура домбровых кюев», 1966 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының Хабаршысында жарияланған «Строение кульминаций в казахский кюях» ғылыми мақалалары да домбыра жайындағы жаңа деректерге толы.

«Қазақстан композиторлары мен музыкатанушылары» [4], И.Вызко-Иванованың «Орта Азия және Қазақстан композиторларының симфониялық шығармашылығы» [5] т.б. еңбектерінде де домбыра, күй жайында айтылып өтіледі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1.Эйхторн А.Ф. Музыкальная фольклористика в Узбекистане первые записи /ред.проф. В.М.Беляева,1963.
- 2.Ахмедияров Қ. Загаевичте айып жоқ (Сұхбат алған Р.Сәбитұлы.) // Ана тілі 13 қазан, 2005.
- 3.Қазақтың музыкалық әдебиеті (1920-1980). –Алматы, 2000.
- 4.Қазақстанның композиторлары мен музыка танушылары. Анықтама. –Алматы, 1983.
- 5.Вызго-Иванова И. Орта Азия және Қазақстан композиторларының симфониялық творчествосы, Л.-М., 1974.

**Ә. ӘБСАТТАР**  
**«Жаңа Ғасыр»**  
**№175 гимназияның**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәндерінің мұғалімі,**  
**әл-Фараби атындағы**  
**ҚазҰУ PhD докторанты.**

## **ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ – СИНКРЕТТИ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚ**

Бүгінгі таңда антропологиялық бағыттағы зерттеулердің жандануының нәтижесінде адамға ерекше мән беріліп, адамның тікелей қатысы бар, адам тұтынатын тіл мен мәдениет сабақтастыққа қарастырыла бастады. Ән дискурсында вербалды, бейвербалды құралдар қатысады. Онда семиотикалық код көрініс табады. Ән мәтінінің конститутивті сипаты ретінде когерентті байланыс, диалогтік сипат, модальділік, алуантүрлілік, біреуге бағытталғандық, аудиторияның ауысып отыруы сияқты белгілерді атауға болады.

А. Байтұрсынұлы өнер атаулыны тірнек өнері және көрнек өнері деп жіктей отырып, әрқайсысының қай мақсатта жұмсалатынын былайша сипаттайды: *«Біздің көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрсе не адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе. Орман, теңіз, тау, тас, өзен, бұлақ – бұлар табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселер, үй, керпіш, бақша, арық, құдық – бұлар адам ісінен шыққан жасалынды нәрселер. Табиғат ісінен шыққан жаратынды нәрселердің бәрі табиғат дүниесі болады; адам ісінен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады; өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен.*

*Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді, тағысын тағы сол сияқты шаруаға керек нәрселерді жасайды.*

Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сүгірет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырым бар. Алдыңғы өнерден шыққан нәрселер күн көру ісіне керек шаруа керек жарақтары. Мұны істегенде, «сұлуынан жылуы» дегендей, көркем болуын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейді. Екінші өнерден шыққан нәрселер жылуынан гөрі сұлу болуы көбірек көзделінгеннен, көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер. Алдыңғы нәрселер адамның, мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер; соңғы нәрселер адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін көрнек өнері болады» [1, 18].

Ғалымның жіктеуі негізінде қазақтың халық әндерін көрнек өнеріне жатқызамыз. Яғни,

*Көшкенде жылқы айдаймын аламенен,  
Аулыңа барушы едім даламенен.  
Түскенде сен есіме, беу қарағым,  
Сағынып сарғаямын санаменен.*

*Беріп кет сақинаңды мыс та болса,  
Жүрейік күліп-ойнап қыс та болса.  
Таста да етігіңді байпақшаң кел,  
Көрейін өз сорымнан ұстап алса, –*

деп келетін өлең жолдары мақұлықтық жан сақтау керегінен емес, адамның жан қоштау керегінен шыққан.

**А. Байтұрсынұлы көрнек өнерінің өзін іштей беске жіктейді:**

**Бірінші** – тастан, кірпіштен, ағаштан яки болмаса басқа заттан сәнін келтіріп, сәулетті сарайлар, мешіт, медресе, үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл сәулет өнері болады (йауропааша архитектура).

**Екінші** – балишықтан я металдан құйып, тастан я ағаштан

жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіре сүгірет жасау өнері. Бұл сымбат өнері болады (йауропааша скульптура).

**Үшінші** – түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескін-келбетін келтіріп, сүгіреттеп көрсету өнері. Бұл кескін өнері болады (орысша живопись).

**Төртінші** – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері. Бұл әуез өнері (йауропааша музыка).

**Бесінші** – нәрсенің жайын, күйін, түрін-түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, йауропааша литература) [1, 19].

А. Байтұрсынұлы «музыка» атауының орнына «ән-күй» сөзін қолданады: «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар – мұны қазақ сөз баққан, сөз күйіттеген қалық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінінде қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдеме ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [1, 17].

Бір қарағанда, зерттеуші әнді сөз өнерінен тыс алған сияқты болып көрінеді. Сөздің **1).** күн көріс ісіне; **2).** көңіл көтеріс ісіне жұмсалатынын айта келіп, күн көріс ісіне жұмсалатынын қара сөз; **3).** көңіл көтеріс ісіне жұмсалатынын өлең деп атайды: «Өлең – асылында көңіл көтеріс ісіне жұмсалатын сөз түрі». Өлең бұрын ойын, би, күрес, жарыс сияқты көңіл көтеретін нәрсе болғанын айта келіп: «Өлеңнің көңіл көтеріп, қоштандыратын қасиеті әдемілігінде. Нәрсенің әдеме көрінетіндігі ұнасымымен. Өлеңді де әдеме көрсететін сол ұнасымы», – дейді.

**Қазақта өлеңнің өзі де екі түрлі болғанын: бірі әнді, екіншісі мәнді болғанын, тыңдаушысы әнді өлеңнің сөзінен гөрі әніне көбірек құлақ салғанын ескертеді:** «Сондықтан әнді өлеңді айтушы, әнінің ажарлы болу жағына тырысып,

сөздің ажарлы болу жағына онша ыждағат қылмаған. Ал мәнді өлеңде жұрттың құлақ салатыны ән емес, сөз болған соң, айтушы сөздің ажарлы жана мағыналы болу жағына көп тырысқан. Сол себепті әнді өлеңнің сөзінен мәнді өлеңнің сөзі ажарлырақ, мағаналырақ болған. Әні басым, мәні кем, ажары аз өлеңге қара өлең деп ат қойып, әні кем, мәні мол өлеңге жыр деп ат қойған».

А. Байтұрсынұлы қара өлеңге мысал ретінде «Жар-жарды» алып, үзінді келтіреді:

*Бір толарсақ бір тобық санда болар жар-жар!  
Қырық кісінің ақылы қанда болар жар-жар!  
Әкем-ай деп жылама, байғұс қыздар жар-жар!  
Әкең үшін қайын атаң онда болар жар-жар!*

*Жазғытұрғы ақша қар жаумақ қайда жар-  
жар?*

*Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда жар-  
жар!*

*Азар жақсы болса да қайын атамыз жар-жар!  
Айналайын әкемдей болмақ қайда жар-жар!*

*Бір толарсақ, бір тобық санда болар жар-жар!  
Қырық кісінің ақылы қанда болар жар-жар!  
Шешем-ай деп жылама байғұс қыздар жар-  
жар!*

*Шешең үшін қайын енең онда болар жар-жар!...*

**Ал жырға мысал ретінде «Беташарды» алады да:**

*Айт келін, айт келін!  
Атың басын тарт келін!  
Жұмыртқадан ақ келін!  
Келін-келін келіншек!  
Кер биенің құлынишақ  
Алдыңғы түйең итіншек  
Артқы түйең тартыншақ.*

*Итіншек деп түйеңді*

*Басқа ұрма, келіншек!  
Тартыншақ деп түйеңді  
Көтке ұрма, келіншек!*

*Қайын атаңның алдында,  
Қақаңдама келіншек!  
Үйге түскен түйені  
Бақандама келіншек!  
Қаптың аузы бос тұр деп  
Құрт ұрлама келіншек!  
Өзің жатып байыңа  
«Тұр-тұрлама» келіншек!... –*

мысалға келтіреді. Ғалым «Жар-жарда» ән үшін болмаса, мән үшін керек емес сөздер (бір толарсақ, бір тобық санда болар, жар-жар!) толып жатқанын, олардың қайта-қайта айтылатынын ескертіп, керісінше, «Беташарда» ондай артық сөз аз екенін бір сөз қайта айтылса, орнымен, келісті түрде айтылғанын ескертеді. «Беташардың» қасында «Жар-жардың» мағынасы сұйық көрініп тұрғанын тілге тиек етіп: «Жар-жардан» гөрі... «Беташар» мағыналы да маңызды», – деген қорытынды жасайды. Ғалым «Жар-жар» мен «Беташарды» өзара салыстырып, қара өлең мен жырдың арасында ажар, мағына жағынан қандай айырмашылық болғанын көрсетеді.

«Беташар» жаңа түскен келіншекті қайын жұртымен таныстыру, бетін ашып, жүзін көрсету үшін айтылады. Жырда жаңа түскен келіннің атқаратын қызметі, жүріс-тұрыс, мінез құлқы, аналық борышы т.с.с. мәселелер сөз болады. Зерттеуші Б. Уахатов: «*Беташардың* сюжеттік құрылысынан байқалатын бір ерекшелігі – оның әзіл-оспақ, күлкіге құрылуында. Бұл, көбінесе, жиналған жұрттың көңілін көтеріп күлдіру, жадырату мақсатымен айтылады. ...Әңгіме алдымен қалыңдық жайында, соның жастық көркі, сұлу пішіні, сыпайы мінезі туралы болады. Әсіресе «Беташар» өлеңдерінде жаңа түскен жас келіннің көркін бейнелеуге ерекше мән беріледі» [2, 211-212], – дейді.



Академик С. Қасқабасов оны іштей екі тарауға жіктей отырып, басында қалыңдықтың көркі сипатталатынын, кейін келін боп түскен шаңырақты құрметтеу, ата-енесін, қайын жұртын сыйлау т.с.с. туралы айтылатынын ескертеді. **«Беташардың» тағылымдық мәні туралы галым былай деп жазады:** *«Песня также поучает ее, как вести себя с другими старшими рода, с младшими в ауле, с гостями, учит законам сложных человеческих взаи-моотношений в родовом коллективе...»* [3, 124-125], – дейді.

Академик М. Әуезов: *«Беташарда» жеңіл күлкі, қалжың сияқты сөздің араласып келетін де жері бар. Шын сөз, шын өсиетті айтумен бірге, қалжыңға ұқсас қылып, салақ, олақ, ретсіз әйелдің күлкілі мінездері де көрсетіледі»* [4, 54], – дей келіп, кейде «Беташар» әзіл-күлкіге құрылғанмен де, тағылымдық мәні, тәрбиелік мәні бірінші кезекте болатынын айтады.

Ән дискурсында адамның көңіл күйі ғана беріліп қоймайды, сонымен қатар коммуникативті қатынас та орын алады. Яғни, әнші әнді орындау барысында әннің сөзіне, әуеніне байланысты өзінің ішкі сезімін білдіріп, орындаушы мен автор жымдасып, тұтас әлемге айналады. Ән салу барысында әнші тыңдаушымен байланысқа түсіп, диалог орнатқандай болады. Қазақтың ауызша дамыған тілін арнайы зерттеген академик Р. Сыздық айтыс өнерінің ерекшелігін көрсете отырып, былай дейді: *«Көркем сөздің ауызша туатын қай түрінде болсын, айтушы мен тыңдаушының арасында, философтардың пайымдауына, «іштесу» деп аталатын (профессор Қанат Нұрланова ұсынған термин) психологиялық әрекет пайда болады. Тыңдаушы айтыста туып жатқан тапқыр ой мен әсем сөздерді өзі қоса жасасып отырғандай, іштей жақындасады. Мұны тыңдаушы дыбыспен де (Уа пәлі!, Айта түс! деген сияқты), қимылмен де (қол соғып, аяғын тарсылдатып, ұшып түрегеліп дегендей) білдіріп жатады. Бұл – іштесудің сыртқы көрінісі. Ал ішкі психологиялық қабысуда тыңдарман өзі де бүтіннің бөлшегі болып отырғанын сезеді, бірақ бұл сезім санадан тыс*

*жүріп жатады. Айтыс барысында тыңдаушы орынды ой, әсем тіл әлеміне осылайша еніп қана қоймайды, енді өздері айтыскерлерге әсер етеді: оларды шабыттандыра түседі, арқаларын қоздыра түседі, бейнелеп айтсақ, айтыскерлер мен тыңдармандар бір-бірімен іштей табысып, бір-біріне шырақ жағып, сәуле түсіреді»* [5, 82]. Ғалымның бұл пайымын ән дискурсына қатысты да айтуға болады. Әнді орындау барысында әншінің даусына сүйсінген халық «Бәрекелді!», «Шап!», «Әйт!», «Жарайсың!» т.с.с. түрінде қолпаштап, демеу білдіріп отырады. Бүгінде күй тыңдаған кезде де рақаттанған, күйге елтіген жігіттер қиқулап, жан-жақтан дауыс қосып отырады.

Жұмысымызда халық әні вербалдық жағы өлеңдік мәтіні болатын сөздік-әуендік жанр ретінде сипатталады. Ән – поэзиялық және музыкалық шығармаларды үйлестіретін ерекше жанр түрі. Халық әні мазмұндық (тақырыптық) белгілеріне байланысты лирикалық жанрға жатады. Әннің мәтінін және лирикалық өлеңдерді біріктіретін белгілердің жиынтығы (ырғақтық-композициялық құрылым; авторлық позицияны берудегі тәсілдердің және лирикалық кейіпкердің образын жасаудағы әдістердің ұқсастығы; жасырын «сюжеттің» болуы және т.б.) әннің мәтінін көркем сөз шығармаларының қатарына жатқызуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттанымдық бағыт бойынша ән лирикалық шығармалардың қатарына жатады. Лирика алғаш даму барысында музыкадан тыс өмір сүре алмайтын. Алғашында ән фольклордың төңірегінде ғана болды. Әннің мәтіні мен музыкалық сүйемелдеуі бір уақытта құрылды. Ал әннің өзі дәстүрге жақын болды. Ән белгілі бір халықтың меншігі болғандықтан халықтың мәдениеті, ділі, тілі және ойлау жүйесімен бірге дамып отырды. Б.з.б. V-VII ғасырларда ән әдебиет жанры ретінде ерекшелене бастады [6, 65] және оның тақырыпқа байланысты бөлінуі де сол кезде бастау алды: той әндері, рухты әндер, ғашықтық әндер және т.б.

Халық әні мәдени-ұлттық мұраны танып түсінуде үлкен рөл атқарады. Көптеген ұрпақтың ұжымдық шығармашылығының жемісі болып табылғандықтан, әннің бойында ұлттық сипаттағы оулау жүйесі, таным көкжиегі және халықтың үміті көрініс табады. Т.М. Акимова дәуірлердің, музыкалық және тілдік талғамдардың өзгеруіне қарамастан әннің маңыздылығы жайлы былай деген: «Несмотря на то, что в каждую эпоху складываются новые песни, высокохудожественные старые песни, отражающие вечные явления жизни и человеческих судеб, не теряют своей выразительности и сохраняются в народе надолго» [7, 4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. – Семей, 1927. – 27-32 бб.
2. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Ғылым, 1974. – 288 б.
3. Каскабасов С.А. Театральные элементы в казахских обрядах и играх // Фольклорный театр народов СССР. – М.: Наука, 1985. – С. 115-137.
4. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 2001. – Т. 4. – 456 б.
5. Сыздықова Р. Сөзді орнымен қолдана білсек // Сөз өнері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 184 б.
6. Основы литературоведения: учебное пособие для филологических факультетов пед. ун-тов. – М., 2000. – 372 с.
7. Акимова Т.М. Русская народная песня: Очерки истории жанров. – Саратов: Изд-во Саратовского университета, 1987. – 167 с.

## Ғалым және ғылым

**М.ӘБІЛҰЛЫ,**  
Филология ғылымдарының  
кандидаты, аймақтық менеджмент  
академиясының (Павлодар) профессоры,  
Тараз инновациялық-гуманитарлық  
университетінің құрметті профессоры,  
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

## АБАЙДЫҢ АУДАРМАЛАРЫ

Алғаш ауыз әдебиетінен, сонан соң Шығыс және Батыс ақын-жазушыларының шығармаларынан нәр алған Абайдың қазақ әдебиеті мен Шығыс, Батыс әдебиетінің арасында алтын көпір болғаны рас.

Абай Пушкиннің *"Евгений Онегин" романынан үзінді* ("Онегиннің сипаты", "Татьянының Онегинге жазған хаты", "Онегиннің Татьянаға жауабы", "Онегиннің сөзі", "Онегиннің Татьянаға жазған хаты", "Татьяна сөзі", "Ленский сөзінен", "Онегиннің өлердегі сөзі"),

**Крыловтың мысалдары:** "Емен мен шілік", "Қазаға ұрынған қара шекпен", "Жарлы бай", "Есек пен бұлбұл", "Қарға мен бүркіт", "Шегіртке мен құмырсқа", "Әншілер", "Ала қойлар", "Қарға мен түлкі" ("Жұрт біледі, күледі..."), "Қарға мен түлкі" ("Боқтықта талтаңдап..."), "Бақа мен өгіз", "Піл мен қанден", "Есек" аударды.

Сонымен бірге **орыстың белгілі ақыны Лермонтовтың** "Тұтқындағы батыр", "Рахат, мені тастап, қоймадың тыныш", "Өзіңе сенбе, жас ойшыл", "Көңілім менің қараңғы" -Дж.Байрон-М.Ю. Лермонтов, "Қараңғы түнде тау қалғып" - И.В. Гете-Лермонтов, "Ал, сенейін, сенейін"),

**И. А. Буниннің** "Қорқытпа мені дауылдан", А. Мицкевичтің "Дүрілдеген нажағай" атты өлеңдерін қазақ тіліне тәржімалап, орыс әдебиетінің інжу-маржандарын қазақ азаматтарына таныстырды.

Қазақ әдебиетінде әдеби шығармаларды аудару дәстүрі сонау Алтын Орда (қыпшақ) дәуірінен тамыр тартады.

XIV-ғасырдың орта кезінде өмір сүрген белгілі ақын Құтыб әзірбайжан халқының кемеңгер ойшылы, ұлы ақыны Илияс Жүсіпұлы Низамидің "Хұсрау мен Шырын" атты дастанын аударды. Алтын Орда әдебиетінің XIV-ғасырдағы көрнекті өкілі Сайф Сарай парсы-тәжік әдебиетінің классигі Сағди Ширазидің "Гүлстан" атты дастанын түркі тіліне аударып, дастанды "Түркі тіліндегі Гүлстан" деп қойды. Абай ежелден келе жатқан осы аударма дәстүрін өзі өмір сүрген дәуірде аса білімділікпен жалғастыра білді. Абай орыс әдебиетінен, Лермонтов арқылы неміс әдебиетінен нәр ала білді. Орыс, неміс әдебиетін қазақ халқына насихаттады.

Қазақ халқына орыс әдебиетін насихаттауда Ы. Алтынсары да өнімді еңбек еткені белгілі. Ы. Алтынсары аударған орыс ақыны И. Крыловтың "Қарға мен түлкі" атты мысал өлеңі, әңгімелері осының айғағы.

Абайдың аудармалары туралы профессор З. Ахметов былай деп жазады: *"Абайдың аудармалары жайлы сөз қозғалғанда, ең алдымен анықтап алуға тиісті мәселе мынау. Оларды саралап, жіктеп, орыс классиктерінен аударма және белгілі шығарманың сарынымен жазылған төл шығарма деп екі топқа бөліп қарастыру қажет. Өйткені, аударма деп аталып, аударма саналып жүрген бірталай өлеңдері, әрине, осы сөздің бүгінгі қалыптасқан, қолданылып жүрген тура мағынасындағы аударма емес. Олар-не бір белгілі шығармамен сарындас келетін, жарыса жазылған көп дегенде жартылай тәржімаланған, түгелдей алғанда өзіндік төл тума шығармалар. Абайдың орыс классигінің өлеңін қызықтап, жарыса жазып, өзінің ой-сезімін, өз көңілінің күйін толғап, еркін кететіні сөйтіп, қазақ тілінде тың, төл шығарма тудыратыны оның ақындық шабытының қуаттылығының бір көрінісі деп қараған жөн. Ал ақын толғауы түскен өлеңді дәл аударуды мақсат еткенде орысша айтылған ойды қазақша жеткізудегі асқан шеберлігімен және таң қалдырады..."* [1].

Шынында, *Абайдың аудармалары түсініп, бар ынтасын салып оқыған* адамға өзінің төлтума шығармасындай әсер

қалдырады. Бар ынтасымен, жан-тәнімен беріліп, жүрегінің төренінен орын бере отырып аударған өлеңі өзін де, өзгені де рахат сезімге бөлейді. Оның аударма саласында батыл қадам жасап, анау-мынау емес, орыс классиктерінің шығармаларын аударуы да әдебиетті зерттеп жүрген ғалымдарды тандандырып отыр. Мұның өзі Абайдың тегін адам еместігін дәлелдейді.

**3. Ахметов Абай шығарған Татьяна жыры мен Татьяна әні туралы былай деп жазады:** *"Абай шығарған Татьяна жыры, Татьяна әні бар деп мақтаныш етеміз. Мұның өзі екі өлең. Бірі-"Амал жоқ-қайттым білдірмей" деп басталатын жас Татьянаның Онегинге ғашықтық сезімін білдіріп жазған хаты. Екіншісі-"Тәңірі қосқан жар едің сен" дейтін кейінірек Онегин Татьяна күйеуге шыққаннан соң кездесіп, жоғалтқан махаббатын қайта таппақ ниетімен өзі хат жазғанда, Татьянаның оған айтқан жауап сөзі. Өнер сүйетін қазақ баласында осы екі өлеңді білмейтін, әнге салып айтпайтын адам кемде-кем десек, артық айтқан бола қоймас..."* [2].

Абай Татьяна мен Онегиннің арасындағы махаббатты жырлайтын өлеңдерді аударғанда сөз жоқ, осындай махаббатты өз басынан өткізгендей шексіз өмірге құмарлықпен аударды. Назым сөзді ширатпа шумақпен көркем жеткізе алған ақын осы аудармасы арқылы орыс әдебиетінің көрнекті ақынын қазақ халқына жақындата түседі, орыс поэзиясын жеріне жеткізе қазақша сөйлетіп, ғашық жастарды махаббат мұхитына алып шығады.

**3. Ахметов былай деп жазады:** *"Лермонтовтан аударған "Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз", "Рахат, мені тастап қоймадың тыныш", "Күнді уақыт итеріп", "Менің сырым, жігіттер, емес оңай", "Жалғыз жалау жалтылдап", "Ал, сенейін, сенейін" секілді өлеңдерінде Абай олардың мазмұн-мағынасын қазақша мейлінше дәл түсіре отырып, өз ой-толғанысын, өз жүрегінің тебіренісін де анық жеткізетінін байқаймыз. Қазақ тілінде Лермонтов қанша аударылса да, осы жалын атқан дарыны бар*

жас ақынның өршіл қиял, қуатты оймен суарылған өлеңдерін Абайша сөйлеткен адамды таба қою қиын-ақ болар. Лермонтовтың өмірге үлкен оптимистік сеніммен қарайтынын, жабырқаған көңілін сергітуге ұмтылатынын айқын аңғартатын өлеңдерінің бірі "Молитва" болса, Абайдың оны "Дұға" (Өмірде ойға түсіп кем-кетігін"), "Қасиетті дұға" ("Өмірден соққы жесем, жазығым жоқ") деп екі рет бірінен - бірін асыра ерекше құштарлықпен тәржімалағаны тегін болмаса керек..." [3].

"Яш Түркістан" журналының жауапты хатшысы **Тахир Шағатай "Түркістанның ұлы ақыны – Абай Құнанбайұлы"** деп аталатын мақаласында Абайдың орыс әдебиетінің алыптары Пушкин мен Лермонтов шығармаларын қазақ тіліне аударудағы еңбегі туралы: "Абай орыс әдебиеті және сол арқылы Еуропа әдебиетін жетік білетін... Орыс зерттеуші ғалымдары Абайды орыс әдебиетінің алыптары Пушкин мен Лермонтовты оқып, олардың шығармалары мен жақын таныс болған деп жазады. Ал, большевиктер оны "дала аристократы" ретінде қарап, "феодализм мен байшылықтың жыршысы, ұлтшыл" деп қаралауда" – деп жазды [4].

М. Әуезов Абайдың аудармашылық таланты туралы: "...Лермонтовтай ақындардың өлеңдерін қазақша аударса, сол сөздерді құр ғана сыртқы келісімен сүйгендіктен аудармайды. Барлығында өз жүрегіне түсінікті, өз халіне жанасатын, өз қиялына дәл келетін ерекше жақындығы болғандықтан аударады. Өзі шығаратын өлеңдермен қатар, аудармалар ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толас тынысы сияқты болады..." – деп жазды [5].

Шындыққа бас иер болсақ, **Абай қазақ әдебиетіндегі аударма жанрында да жаңалық ашты.** Бұл жоғарыда ғалым ағамыз Зәкидің айтып отырған **Лермонтовтың "Молитвасы"**. Бір өлеңді екі өлең етіп аударған, екі түрлі нақышпен аударған.

Профессор Әнуар Тарақов **М. Ю. Лермонтовтың**

**"Желкен" ("Парус") өлеңін** аударғандағы Абайдың шеберлігі туралы былай дейді:

*"Белеет парус одинокой,  
В тумане моря голубом!..  
Что ищет он в стране далекой?  
Что кинул он в краю родном..."*

Абай желкенді "жалау" деп алған. Бірінші шумақты салыстыра талдайық.

*Жалғыз жалау жалтылдап,  
Тұманды теңзі өрінде.  
Жат жерде жүр не тыңдап?  
Несі бар туған жерінде?*

Лермонтов лирикасында ақ желкен алыстан, тұман арасынан ағараңдап, әзер көрінеді. Тулаған толқыны буырқана соққан асау теңіздің өр мінезі көз алдыға келеді. Ақын оған бізді жақындата түседі. Бір сәт ақ желкенді қайықта жүзіп бара жатқандай күй кешесіз. Ақын осынау әдемі көріністі көзге елестетіп ғана қоймай, соған қатысып жүргендей сезімге бөлейді. Уақыт пен кеңістікті теңіз табиғатымен астастыра көркемдікпен бейнелеп, оқырманды қызықтыра тартады. Тұманды көгілдір теңізде ағараңдап, анда-санда бір көрінген жалғыз желкен көзге елестейді. Теңіз көрмеген балалар оны сол кездегі суреттерден, кинолардан елестете еске түсіргенбіз..." [6].

Теңіз өмірінен хабарсыз, ұлан-ғайыр далада өмір сүріп, биік таулардың қойнауында балалық-жастық шағын өткізген Абайдың теңізде жүзген ақ желкенді кемені жырлауында да біз білмейтін ғажайып құпия, өлеңге деген құштарлық сезіледі. Абай өлеңге құмартқан жастарды орыс ақынымен таныстырқысы келді.

Профессор Ә. Тарақов одан әрі өз ойын былай деп өрбітеді:

*"Играют волны-ветер свищет,  
И мачта гнется и скрыпит ...  
Увы! Он счастья не ищет,  
И не от счастья бежит."*

### **Абай аудармасы:**

*Ойнақтап толқын, жел гулеп,  
Майысар діңгек сықырлап.  
Ол жүрген жоқ бақ іздеп,  
Қашпайды бақтан бойды ұрлап.*

*Абайдың аудармашылық шеберлігі керемет. Шумақ ұйқасы да, ойы да шымыр. Тәржімасы түп нұсқамен теңдес. Аударма тілінде ой да, мағына да, тіл көркемдігі де суреттеу шеберлігінде өзара үйлесіп, үндесуін балама десек, сол баламаның жарқын үлгісі. Лермонтов желкенін жел керген кемеңнің мачтасын, діңгегін алса, Абай оны тіршілік діңгегіне теліген. Лермонтовта асау теңіздің толқын ойнап, толқып, буырқанған сәті суреттелген. Абайда да солай. Лермонтовта жел ызылдап үілдеп, ысқыра соғып тұрса, Абай "гүлдеп" деп бір ғана сөзбен бере қойған. Теңіз саяхаты туралы кино көрсеңіз, қатты дауыл кезінде кемеңі ары-бері шайқалтып теңселтіп, мачта-діңгекті сықырлатып, түбірімен қопарардай, кемеңі аунатып тастардай көрінеді..." [7].*

Абай Лермонтовтың "Желкенін" қазақшаға аудармастан бұрын теңізде ақ желкенді кемеде жүзіп, қатты соққан дауылдың ортасында таудай-таудай толқындарға қарсы жүзген кемеңің ішінде сықырлаған мачта-діңгектің жанында тұрып кемеңі қақпақыл ылған дауылды толқындардың аспанға шапшығанын көрген жоқ. Бірақ Абай теңіздегі толқындармен алысқан адамдар туралы әдебиеттерді оқымауы мүмкін емес қой.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. З. Ахметов, "Кемел ақын, кемеңгер ойшыл", кітапта: "Абай", шығармаларының екі томдық толық жинағы, өлеңдер мен аудармалар.- Алматы, Жазушы. 2005. 27-б.

2. З. Ахметов, "Кемел ақын, кемеңгер ойшыл", кітапта: "Абай", шығармаларының екі томдық толық жинағы, өлеңдер мен аудармалар, Алматы.-Жазушы. 2005. 27б.

3. З. Ахметов, "Кемел ақын, кемеңгер ойшыл", кітапта: "Абай", шығармаларының екі томдық толық жинағы, өлеңдер мен аудармалар, Алматы.- Жазушы. 2005. 28б.

4. Есен Тұрсын (Тахир Шағатай), "Түркістанның ұлы ақыны-Абай", аударып, баспаға әзірлеген, түсінік жазған: Дархан Қыдырәлі, тарих ғылымдарының кандидаты, №29, 15-шілде, 2004. Халықаралық "Түркістан" газеті, №40, 2019.

5. М. Әуезов, "Абай-қазақ халқының ұлы ақыны", кітапта: Абай Құнанбаев, өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер, құрастырған: Баязи Әбдешев, Алматы.- "Өлке". 2012. 19-20-бб.

6. Ә. Тарақов, "Ойнақтап толқын, жел гулеп" (Лермонтовтың "Желкен" өлеңін аударғандағы Абайдың аудармашылық шешімі), "Қазақ әдебиеті" газеті, 31-шілде, 2020.

7. Ә. Тарақов, "Ойнақтап толқын, жел гулеп" (Лермонтовтың "Желкен" өлеңін аударғандағы Абайдың аудармашылық шешімі), "Қазақ әдебиеті" газеті, 31-шілде, 2020.

Ж. АБИТЖАНОВА,  
М.ЖАҚЫП,  
Б. ЕШМЕТОВА,  
А. Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының  
ғылыми қызметкерлері.

## ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақ тілі – көне, ескі тіл. Оның ескілігі көне түркі жазба ескерткіштері тілінен көрініс тапқан. Қазақ халқының мәдени мұралары мен тілінің тарихы көне замандарға кететіндігін Б. Кенжебаев, М. Жолдасбеков, М. Мағауин, Х. Сүйіншәлиев, Қ. Сыдиқов сынды ғалымдар көрсеткен болатын.

Қазақтың ескі жазба тілі араб әліпбиі негізінде шамамен XV ғасырдан XX ғасырдың басына дейін қолданылды. Қазақ тілінің ерекшелігіне жақын Орта Азиялық түркі жазба тіліне тән жазба үлгілер – Әбілғазы Бахадүр ханның Шежіре-и түрки (XVII ғ.) мен Қадырғали Жалайыридің Жамиғат-Тауарих (XVI ғ.), Әділ сұлтан эпикалық жыры және Өтеміс қажының Шыңғыснама атты шығармалары болып табылады. Сондай-ақ, ескі қазақ тілінің үлгілеріне қазақ хандары мен сұлтандарының сыртқы елдермен жазысқан қатынас қағаздары, хаттары және ақын-жыраулар шығармалары, риторикалық туындылар (заң, дәстүр, мәдениет, мемлекеттілік т. б.), лиро-эпостық, батырлар жырлары жатады. Ресей патшасы Елизаветаға Әбілхайыр ханның жолдаған дипломатиялық жазбалары, Махамбет Өтемісұлы, Ш. Уәлихановтың хат-қағаздарының тілі, Абайдың кара сөзі түріндегі шығармаларының тілі (Мүрсейіт қағазға түсірген) ескі қазақ жазба тілінің үлгілері болып табылады. XIX ғасырдың соңында сөйлеу тілінің ықпалына көбірек ұшыраған ескі қазақ жазба тілінің нормаларында халық тілінің элементтері жүйелі сипат алды.

Бұл кезде «Айқап» журналы, «Қазақстан» газеті, т. б. сияқты басылымдардың орны ерекше болды. Әсіресе XX ғ. басындағы көркем әдеби шығармалар тілінде ескі жазба тіліне тән сөз үлгілерімен қатар сөйлеу тілінің нормалары анық көрінді.

Мәдени ұлттық тарихымызда ескі қазақ жазба тілі ерекше құндылыққа ие. Әдеби тіліміздің жаңа тұрғыда дамуына ескі қазақ жазба тілі жол салды. Ескі қазақ жазба тілінде түркілік сөздер, арап-парсы сөздері, қазақтың сөйлеу тіліне тән белгілер болды. Сондықтан ескі қазақ жазба тілінің емле жүйесі тым күрделі болды. Мұндай тілдік бірліктердің аралас-құралас болуы емле жүйесін игеруге қиындық тудырды. Қазақтың ескі жазба тілі бұқаралық сипат алмады, халықтың белгілі бір әлеуметтік тобы ғана қолданды.

Ескі қазақ жазба тіліне тән бірліктер мен грамматикалық формалар және араб, парсы сөздері жиі кездеседі. Мәселен, *п орнына ф (шарафат), е орнына ә (әгар), ш орнына ч (үчүн, ачық, т. б.), і, ы қысаңдарының орнына ұ, ү (берүб, айтұб, оқұр, айтұр), ж орнына и (иане, иерде, т. б.), с орнына ш (кіші, шондай, т. б.) жазылады, араб, парсы сөздері түпнұсқа варианттарымен беріліп отырады хасрет (қасірет), хұда, хақ (құдай), қимат (қымбат), мағлұм (мәлім), хисап (есеп), иттифақ (ынтымақ), мөһір (мөр), дост (дос), хүкім (үкім), әуара (әуре), уалаят (аймақ), раст (рас) т. б. Сондай-ақ, ескі тілдік бірліктер кездеседі: ачығы (ашуы), ағызы (аузы), ерді (еді), ойғанды (оянды), иұқлады (ұйықтады), тугды (туды), иоқлады (жоқтады), ізледі (ізdedі), сақлады (сақтады), йығлады (жылады), иалғанчы (екіжүзді, өтірікші), тірік (тірі), тіріклік (тірлік), бойұн (мойын), андан соңыра (одан соң), ұғыл (ұл), жұрағат (ұрпақ, бала), үшбу (осы, бұл), білән, бірлән, бірлә, илән (мен, бірге), әйла (жасау, істеу), дейүп, дейүрлер (деп, дейді), бағыр (бауыр), бұғаз (мойын) т. б.*

Ескі тілімізде көне түркі дәуірінен бері сақталған «түмен»

сөзінің қолданысы байқалады:

*Аттарынан жүз түмен құлағанлар,  
Көз жастарын сел қылып бұлағанлар.  
«Дарига, падишамыз не болды», – деп,  
Ойбайласып баршасы жылағанлар* [1, 138].

Көне түркілерде түмен «он мың адам/әскер» мағынасындағы сандық жиынтық атау. Түркі-моңғол ұлыстарында болған әскери-әкімшілік бірлікті **«түмен»** деп атаған. Өз кезегінде мыңдық пен жүздікке бөлінген, түменді түменбегі басқарған. «Түмен» сөзі кейбір фразалық тіркестерде, тарихи әдеби тілде ғана болмаса, бүгінде қоғамдық қолданыстан шығып қалған [2]. Алайда *«Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге»* деген мақал құрамында кездесіп қалады. В. Катаринский 1898 жылы басылып шыққан грамматикасында «түмен» сөзінің төркіні жайында мынадай пікір білдіреді: *«Дальше миллиона у киргизов нет счета и в случае нужды говорят сансыз бесчисленное (число), бесчисленное множество, или тумѳн (монгольское слово, соответствующее и созвучное славянскому слову тѳма), но оно при счете не употребляется»* [3, 38]. Аталған сөзпарсы және кейбір түркі тілдерінде «сансыз, он мың» деген мағынада ие. Алтайша түмен «сансыз көп, қыруар». Тіліміздегі Түменбай// Тұманбай, Түменов сияқты адам аттарының түбірі де осы түменмен төркіндес болу керек [4].

Ескі қазақ жазба тілінде үшбу, дүр сөздері белсенді жұмсалады. Үшбу сөзі «осы, бұл» мағынасына ие. Үшбу қисса, үшбу пәни сөз тіркестері мына жолдарда көрініс тапқан:

*Адамның ойы ұзын, ғұмыры қысқа,  
Қысқалықта жазылды үшбу қисса.  
«Қисса жазып ғұмырың өткіздің» деп,  
Иә, Рабби, қиямет күн мені қыспа* [1, 9].

*Мұныменен неше жыл, заман өтті,  
Падишаға ажалдың уақыты жетті.  
Бір уақытта падиша науқас болып,*

*Үшбу пәни дүниеден өтіп кетті* [1, 9].

*Онын да бір күн ғұмыры біткен екен,  
Опат болып дүниеден өткен екен.  
Осы Бәйтул-Мұқаддис шаһарында  
Үшбу пәни дүниеден кеткен екен* [1, 48].

Емін-еркін қос сөзі «ешбір қағажу көрмеу, бетімен, қалауынша» деген мағынаға ие. Ал ескі қазақ тілінде осы мағынада қос сөздің бір сыңары «емін» жұмсалған: Бір ғазиз қонағымсың, болсын жолың, Һеш қорықпа, бұ жерде емін болың [1, 31].

Тарихи сөздердің кейбіреулері бүгінгі сөздердің ұтымды баламасы бола алады. Мысалы, шақпа (сіріңке, шырпы, кеуірт, оттық), шекілдеуік (сыртында қабығы бар майлы өсімдік; құнбағар):

*Уақыт болды тамақты даярлайтын,  
Құлдарым ап келділер теріп отын.  
Шақпа жағып сол жерде отты жағып,  
Пісірділер банағы киік етін* [1, 141].  
*Құлдарым ол аралда кезіп жүрді,  
Һәр түрлі шекілдеуік, жемістерді.  
Шекілдеуік, жеміске тойып алып,  
Құлдарым сейіл қылып қайтып келді* [1, 141].

Ескі қазақ жазба лексикасы өзіндік ерекшелікке толы. Олай болса, ескі сөздердің қолданыстарына, семантикалық ерекшеліктеріне тоқталайық.

**Андан соңыра – одан кейін.** *Андан соңыра тағы да жазамын мен Мұхаммед пайғамбардың салтанатын* [1, 9].

**Мақсұт – арман, тілек; тілен, күтіп алған.** *Енді мақсұт сөзіме келейін мен, Жәрдем қыл деп Құдайдан тілейін мен* [1, 9].

**Һәр – әр.** *Бұ қиссаның ішінде һәр орында, Расулдың шариф есімі болған үшін* [1, 9].

**Тірік, тіріклік (түрк.) – өмір; тірі болу; тіршілік ету.** *Дүниенің тіріклігі бәрі мехнат, Әуре болып іздеме бекер аны* [1, 12].

**Ризық – несібе.** Тағдыр еткен адамның ғұмыры Құдай, Ризықтарын жазыпты соған қарай [1, 12].

**Неш** – еш. Әй, Даниал, бұл сөзің не деген сөз, Мақлұқ болған болар ма неш мекенсіз [1, 12].

**Қимат – қымбат.** Сатпаққа қимат болар бидай басы, Жемекке жақсы болар арпа асы. Пайғамбарлар арпаны же дейді екен, Болған үшін біз[дер]ге [зор] пайдасы [1, 16].

**Мағлұм – мәлім, белгілі.** Мағлұм болды, ажалдың уақыты жетті, Бқтият бол сен енді, өлермін мен [1, 16].

**Тамам, тәмам – соңы, аяқталды.** Тоғыз ай, он күн тамам өткеннен соң, Бір ер бала дүниеге келтірді енді [1, 17].

**Нешбір – ешбір.** Қандай кәсіп, өнерші үйретсе де, Нешбір кәсіп үйреніп біле алған жоқ [1, 17].

**Кепиет – ерекше қасиет, кие, тылсым күш.** Қайран қалды балаға ғаріп қатын, Көрген соң баласының кепиетін [1, 17].

**Жұрағат, жұрат – ұрпақ, бала.** Бір қапасы болып зар жылайды, Көрген соң қолындағы жұрағатын [1, 17].

**Қисап, хисап – есеп.** Қайта-қайта апарып сата беріп, Енді бұлар қисапсыз ақшаланды [1, 21].

**Нәрне – әрне.** Нәр уақытта Құдайдан жәрдем тіле, Нәрне нәрсе Құданың жәрдемі де [1, 26].

**Налыс, налаш(т.) – қайғы-қасірет, мұң-шер.** Отыр еді Құдайға налыс қылып, Жан-жағына бұрылып қарай беріп [1, 27].

**Нештеме – ештеме.** Ұрайын десе қолында нештеме жоқ, Аяғымен өлтірді оны басып [1, 27].

**Нешбір – ешбір.** Осы тауға нешбір тау жете алмас-ты, Адам шығып ол тауға кете алмас-ты [1, 113].

**Симия – химия.** Аты – Ақап, симия, ғылым нұжұм, Көкірегінде баршасы толған екен [1, 48].

**Сәрке – ішімдік.** Бірінде сүт, бірінде сәрке екен, Адам ұғлы біледі жамандықты [1, 54].

**Қисым – бөлік.** Еуропа, Африка, Америка, Төртінші қисымы оның Азияда [1, 87].

**Сафа – пәктік, тазалық; шынайылық; сау-саламат.** – Әй, қонағым, қош келдің, сафа келдің, Қалай жүріп бұ жерге келе білдің [1, 90].

**Білән, бірлән, бірлә, илән (түрк.) – мен, бірге.** Хамду бірлә мақтаймыз Тәңірімізді, Тағам беріп тойғызды бүгін бізді [1, 91].

**Әсіл (а) – түбі, тамыры, түп негізі.** Айтып едің, Балқия, бізге сөзді, Сұрадың жаратылған әсілімізді [1, 92].

**Құдауанда – Құдай.** Күнәһар пенделерге азап үшін, Жаратыпты оларды Құдауанда [1, 93].

**Бағыр – бауыр.** Тағы Жамсыб ант етіп қылды зарын, Айдаһардың күйдірді бағырларын [1, 105].

**Биқисап – сансыз, өлшеусіз, өте көп.** Құдайдың тағдырына сабыр етсең, Биқисап көп табарсың сауаптарын [1, 119].

**Гәп, кеп – сөз, ірі әңгіме; хикая; бір нәрсенің сыры, мәні; бір істің, нәрсенің себеп-салдары, тетігі.** Ортасына аралдың келгеннен соң, Балқиякең тағы да көрді гәпті [1, 120].

**Бұғаз – тамақ, мойын, бұзақ.** Ол Намруд имансыздың атқан оғы Балықтың бұғазына келіп батты [1, 122].

**Банағы – манағы.** Шақпа жағып сол жерде отты жағып, Пісірділер банағы киік етін [1, 141].

Ғалым Р. Сыздық «Абай тіліндегі негізгі морфологиялық ерекшеліктер» атты кандидаттық дәреже алу үшін жазылған диссертациясында сөз қолданудың көне құбылысы болып табылатын нәш, нәр, ғақыл, ғарыз, ғайыпталу тәрізді «кітаби сөздердің» әдеби тілден негізгі айырмашылығын көрсетеді. Сонымен бірге ғалым әдеби тілдің қазіргі даму кезеңінде мүлде қолданылмайтын **-мыш, -дүр, тұғын, бірлән сияқты морфологиялық көне тұлғаларды** талдады. **Көне-дүр ескілігінің белсенділігі мынадай лексикалық тілдік бірліктерде байқалады: сөз-дүр, хикмет-дүр, атым-дүр, Мұхаммед-дүр, Балқия-дүр, аманат-дүр, алма-дүр, діні-дүр, шаһары-дүр, аманат-дүр, ғашығы-**



дүр, құдіреті-дүр, қисабы-дүр, көкте-дүр, жақұттан-дүр, яхуда-дүр, әскерім-дүр, ұғлы-дүр, аты-дүр т. б. Кейде есімдіктермен де қосарлана жұмсалады: бұ-дүр, не-дүр, осы-дүр, қайда-дүр т. б. [1]. Ескі қазақ жазба үлгілерінде -дүр тұлғасының етістіктермен белсенді түрде қатар келуі де байқалады: екен-дүр, жүрген-дүр, жаратып-дүр, ала-дүр, қойғанлар-дүр, келе-дүр, ұша-дүр, бола-дүр, айта-дүр, айырышы-дүр, жаратты-дүр, бола-дүр, салад-дүр, жейе-дүр, жаза-дүр т. б. [1].

Тілдің қалыптасу үдерісінде **-дүр етістіктің келер шағын** білдіретін тұлғасы, көне түркі тілдерінен келе жатқан құбылыс. **“Дүр” араб тілінде дербес мағына да берген. Дүр (а) (дүрр).** 1. Инжу, маржан. 2. Ауыс. даңқ, атақ, абырой мағынасын береді. Субстантивтенген (зат есімге айналу) заттық мағынада да қолданған. Е. Жұбанов дүр өз алдына лексикаланып, заттанып кеткен. **Одан дүрдей, дүрдию секілді туынды түбір сөздер де жасалады.** Тегінде **-дүр (-дыр// -дір) формантының** есім сөзге, тіпті, кісі атына жалғанып айтылуы түркі поэзиясының әрідегі нұсқаларында да тән болса керек деген болатын. Р. Сыздықова да дүр тұлғасының көнеден келе жатқанын, түрлі морфологиялық қарым-қатынасқа түсетінін айта келе: «Сірә о баста бұл сөз зат есім болғанға ұқсайды» – дейді [5, 27].

Ескі қазақ тілінде тұғын қосымшасының белсенділігі жоғары: «Ажал дәруі болатұғын шөп бар екен», – деп ол халайыққа хабар берді [1, 11]; «Ажалға ем болатұғын шөп таптым», – деп, Халайыққа хабарды бермес бұрын [1, 11]; Біразырақ тоқта бірақ, тұра тұршы, Сұрайтұғын сөзім бар саған, – деді [1, 12]; Патшалардың қасында қылатұғын Қызметтің жөнін білген естісі еді [1, 29]; Адамның баласына бермейтұғын Иесі бұ бақтардың кім болады? [1, 85].

Тұғын тұлғасы ауызекі сөйлеу тілінде, қазақ әдебиетіндегі кейіпкерлер тілінде бүгінде де жиі қолданысқа ие. Алайда, қазақ әдеби тілінің нормасында тұғын тұлғасының бірте-бірте жойылу үдерісінде, оның орнына ықшам тұлғасы

қазіргі есімшенің (ауыспалы келер шақ) жұрнағына айналған **-тын// -мін** көбірек жұмсалады. Е. Жанпейісовтің пайымдауынша, **-тұғын тұлғасының** орнына қазіргі әдеби тілімізде **-атын тұлғасы** субстантивтеніп те, атрибут орнына да, шақтық мағынада да аралас қолданылады. Ғалым **-тұғын тұлғасының** Октябрь алдындағы прозалық шығармаларда субстантивтеніп те кетеді, яғни есім сөздер ретінде септелетінін, тәуелденетінін жазды. И. Ильминский, М. Терентьевтер **-тұғын қосымшасының тұрған дегеннен ықшамдалғанын да** жоққа шығармайды. **-Тұғын тұлғасының** көне толық түрі тұрған адъективтену арқылы сын есімге айналған.

Артық тілдік тұлғалармен берілу сипаты басым, бүгінде олар біршама ықшамдалған: *Жәбірейіл періште: – Әй, адам, – деді, Барарсыңыз қай жаққа таман, – деді* [1, 12]; *Тым болмаса бір өнер білсе екен деп, Берділер бір өнерлі өнерпазға* [1, 12]; *Баршалары ол тасты қопардылар, Қарасалар, астында бір құдық бар* [1, 12]; *«Жеп көрейін» деселер бәрі қорқып, Баршалары Жамсыбқа қылды қулық* [1, 20]; *Мүлде сатып біреуін жіберділер, Біреуін апардылар отын салып* [1, 24]; *Шаһимаран: – Қонағым, алың, – деді, Жемістерден аузыңа салың, – деді* [1, 32]; *Балаңыз біздіңменен бірге жүрді, Біздіңменен бір жүріп тауға кірді* [1, 24]; *Келді ғой осы шаян жолын түзлеп, Ғешибір жаққа бұрылмай, мені көздеп* [1, 27]; – *Сұлтаным, қайда кеттің тастап бізді, Сондан бері таппадық іздеп сізді* [1, 63]; *Андан соң ол аралға кірмедік біз, Маңдайында енді аралдың жүрмедік біз* [1, 63]; *Адам сақтап қасыңда не қыласың, Кете берсін қоя бер, тез құтылың* [1, 65]; *Мақлұқаттың қасында Пайғамбардың Құрметіні білгізбек үшін шығар* [1, 119]; *Жылға шейін қозғалмай тұрып ердім, Әділ хукім жүртыма қылып ердім* [1, 136]; *Ол киікті соңындан қуып кеттік, Бәріміз у-шу болып айқайласып* [1, 136]; *Енді жеттік, міне жеттік дейе-дейе, Бір теңіздің шетіне барып жеттік* [1, 136]; *Тағам жейіп тұрғанда көп халайық, Жиылысып үстіме келіп кірді* [1, 163]; *Адамдардың арызы*

тұғрысындан, *Мақлұқаттың бәріне хабар берді* [1, 178].

**Сондай-ақ ықшамдалған тілдік бірліктер байқалады:** *бұ, ап, сұрды, жалбарды, болад т. б.* Мысалы: *Бұ қиссаның ішінде һәр орында, Расулдың шариф есімі болған үшін* [1, 10]; *Жамағат, бұ дүниеге алданбаңыз, Нешелердің түбіне дүние жетті* [1, 23]; *Тым болмаса бір-екі көлікпенен, Жүріп барып таулардан ап кел отын жаһанда* [1, 18]; *Жолдастардан үмітін үзген соң, Дұға қылып Құдайға көп жалбарды* [1, 26]; *Балқия «Енді халім не болад», – деп, Бір Құдайға сиынып, зарлық еткен* [1, 41]; *Анлар айтты: – Жәрдемшің біз болайық, Қызметіміз бар болса аямайық* [1, 87]. Қазақ ескі жазба тілінің өзіндік ішінара ерекшелігі бар. Қазіргі қазақ тіліне қарағанда, ол дәуірдегі тілдің азды-көпті лексикалық, фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, стильдік т. б. ерекшеліктері болды.

#### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. «Шаһмаран». Бабалар сөзі. 2-том. 2004. 100 томдық.
2. <https://qamshy.kz/article/45324-kone-turki-tilindegi-tumen-sozininh-tegi-nede>© qamshy.kz
3. Катаринский В. В. Грамматика киргизского языка. – Оренбург, 1897.
4. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966.
5. Тұрышев А. Қ Мәшһүр-Жүсіп шығармалары тілінің әдеби тілге қатысы. Оқу- әдістемелік құрал. – Павлодар: Керекү, 2009. – 74 б.

#### **Ұстаз сыры**

**Р.Б. ТҰРМАНТАЕВА,**  
**№177 қазақ орта мектебінің**  
**бастауыш сыныбының мұғалімі.**  
Қызылорда облысы,  
Арал ауданы,  
Сексеуіл кенті

## **ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ ҚҰРМЕТ**

*“Егер мұғалім өз бойындағы жақсы қасиеттері мен шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті біріктіре алса, ол – кемел ұстаз!”*

**К.Д. Ушинский.**

Ұстаз – Қаратаудың қойнауындай тереңде жатқан кенді ашып, білім мен ғылымның жемісінің дәмін таттыратын, армансызға арман ұялатып, қанатсызға дарын қанатын бітіретін ғажайып күш иесі. Ұстаздық – қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін, жуапкершілікті өте қажет ететін мамандық. *«Мұғалімдік мамандық, бұл – адамтану, адамның күрделі және қызықты шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады»,* – деп Ыбырай Алтынсарин атамыз айтқандай, бұл мамандықты игеріп алып кету үшін оны барынша жақсы көру қажет. Ұстаз болу үшін ерінбей, талмай үнемі ізденісте болып, өзіңнің біліміңді жетілдіріп отырсаң ғана мақсатыңа жетесің және ұстаз деген құрметті атқа лайықты боласың. Ұстаз оқушыға ата-анадан кейінгі ақыл-ой, эстетикалық сана-сезім, адамгершілік, ұлттық тәрбие сіңіруші адам. Өйткені тәрбиесіз берілген білімнің өте қауіпті екенін нағыз ұстаз жан-тәнімен түсінуі керек.

*«Бұлақ көрсең, көзін аш»* дегендей, шәкіртінің бойынан жылт еткен сәуле көрсе, оның бойына таудай талап пен талантты ұялату ұстаздың басты міндеті және

үлкен өмірге сеніммен қадам басауына септігін тигізеді деп ойлаймын. Сондықтан ұстаздан шәкірт озса, бұл – ұстаздың ең жоғарғы бағасы. Аянбай, талмай ізденіп шәкірт дайындауда уақытпен санаспай, еңбектене білсең, еңбегіңнің жемісін шәкірттеріңнің бойынан көресің. Бірнеше жылдар бойы, ұстаздық жолда жүргенде, көптеген шәкірттерім биік белестерді бағындырып, өмірден өз орындарын тауып, көздеген мақсаттарына жетіп, бәрі де дүниенің бір-бір кірпіші болып қаланды. Міне, ұстаз үшін бұдан асқан құрмет, бақыт бар ма?!

*«Алты алаштың баласы бас қосқанда, қадірлі орын – мұғалімдікі»* деп аяулы ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, ұстаз – мектептің де, қоғамның да, ұлттың да, білімнің де, адамгершіліктің де, батырлықтың да, ақындықтың да, өнердің де нағыз жанды өкілі. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу-маржандай ұстаздың сөзін ұрпақ өз кәдесіне жаратып жатса, міне сонда ғана мінез көркемдігі, сабыр ұстамдығы, білімі шәкірт тарапынан бағаланып, дараланып ерекше құрметке бөленері сөзсіз.

*«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»*, – дегендей, бүгінгі күн мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Сондықтан қазіргі таңдағы ұстаздарға заман талабына сай оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, логикалық ойлау қабілеті жоғары, өз бетімен ізденетін, сыни тұрғыдан ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру – басты міндет.

***Мұғалім – мамандық болса, ұстаздық қызмет – табиғат дарытқан құдіретті қасиет.***

Бойыңа қуат, жүрегіңе жарық сәуле, мұқалмас жігер беріп, өрге сүйрейтін де жаныңа азық, өміріңе өзек боп төрге сүйрейтін де осы – ұстаздық қасиет.

*«Адамның білімі мен өнері – адамшылықтың таразысы»* – дейді. Олай болса, тек білікті ұстаз ғана білімді шәкірт

тәрбиелей алады, ал білімді шәкірттен халыққа пайдасы тиер білгір маман шығады. Егеменді еліміздің жарқын болашағы болар жас ұрпаққа терең мазмұнды білім беру және ұлтын сүйер патриот азамат етіп тәрбиелеу ұстаздардың басты міндеті деп түсінемін.

*«Ұстаз»* – ардақты киелі үлкен құрметпен айтылатын сөз, ол – әр адамның бала кезінен сауатын ашатын, оны білімге, ғылымға үйретіп, тәрбие беретін, «Білім» атты кемеге отырғызып, болашаққа жол көрсететін, аңандай әлпештеп, маңдайыңнан сыйпайтын адам.

*«Білім біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы»*, – деп ағартушы педагог Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, әр баланың бойындағы білім мен дарынын ұштай білу – ұстаздардың еңбегі. Елдің ертеңі, өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен саналы тәрбие берілуі қажет.

*Данамен сөйлесетін дана болып,*

*Баламен тіл табысқан бала болып.*

*Шәкірттер биіктен көрінсе егер,*

*Қуанамыз мәз болып, бала болып, –*

деп, білім нәрімен сусындатқан шәкірттеріміз ұлтжанды, рухы биік, ата-ана үмітін ақтап, өмір өзен арнасынан өз жолын тауып жатса, ұстаздық мақсатымызға жеткеніміз деп ойлаймын.

## ОТАН – ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</b>	<b>6.1.2.1</b> әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (интервью) көтерілген мәселені талдау.
	<b>6.2.5.1</b> мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру.
<b>С а б а қ т ы н мақсаттары</b>	– Мәтіннің мазмұнын түсіну; – Мәтінде көтерілген мәселені анықтау; – Пікір білдіру. – Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды табу; – Сұрақтар құрастыру білу.
<b>Б а ғ а л а у критерийлері</b>	Мәтінде көтерілген проблемалық мәселені анықтайды. Мәселеге қатысты пікірлерін білдіреді. мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырады.
<b>Т і л д і к мақсаттар</b>	<i>Пәнге тән лексика мен терминология:</i> мәтін мазмұны, мәтінде көтерілген мәселе, қайырымдылық, қамқорлық

	<i>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:</i> <i>Менің ойымша, өз сөзіме дәлел ретінде, негізінен, әсіресе, . . . деп ойлаймын, т.б.</i>
<b>Құндылықтарды игерту</b>	<i>Бейнебаян мазмұны арқылы ата-анаға құрмет, қамқорлық көрсету қажет екендігін меңгереді.</i>
<b>Пән аралық байланыс</b>	Өзін-өзі тану, әдебиет
<b>Осыған дейін меңгерілген білім</b>	Отан отбасынан басталады
<b>Жоспар</b>	

<b>Жоспарланатын уақыт</b>	<b>Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер</b>	<b>Дереккөздер</b>
<b>Сабақтың басы 0-5</b>	<b>Қызығушылықты ояту.</b> Оқушыларға төмендегі суреттер ұсынылады. Оқушылар суреттерден қандай сезімді, қарым-қатынасты көріп тұрғандарымен бөліседі. – <i>Суреттерден нені байқадыңдар?</i> – <i>Сурет кейіпкерлерінің өзара қарым-қатынасы қандай деп ойлайсыңдар?</i> – <i>Барлық суретке тән ортақ белгі қандай?</i>	1-қосымша



<p><b>Сабақ-тың ортасы</b> 5-7</p>	<p><b>Тыңдалым тапсырмасы.</b> Оқушылар «Ата-анаға құрмет – әр адамның парызы» тақырыбындағы бейнебаянды тыңдайды.</p>	<p>Бейнебаян <a href="https://www.youtube.com/watch?v=5T-XiFRhfNw">https://www.youtube.com/watch?v=5T-XiFRhfNw</a></p>
<p>7-10</p>	<p>Бейнебаян мазмұнын түсінгендерін тексеру мақсатында оқушылар «шын/жалған» кестелерін толтырады.</p> <p><b>ЖЖ. Тапсырма.</b></p>	<p>2-қосымша</p>
<p>10-12</p>	<p>Бейнебаянды мұқият тыңдаңдар. Берілген тұжырым бейнебаян мазмұнына сәйкес келсе, «шын» бағанына құстұмсық белгісін қойыңдар, бейнебаян мазмұнына сай келмесе, «жалған» бағанына құстұмсық белгісін қойыңдар.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>1. Бейнебаян мазмұнына сәйкес келетін ақпаратты анықтай алады. -1б.</p> <p>2. Бейнебаян мазмұнына сай келмейтін ақпараттарды таба алады. -1б.</p>	<p>5-слайд</p>

<p>12-15</p>	<p>Оқушылар өз жауаптарының дұрыс-бұрыстығын тексереді.</p>	<p>3-қосымша</p>
<p>15-25</p>	<p>Оқушылар «атом, молекула» сергіту ойыны арқылы 4 адамнан тұратын топтарға бірігеді. Оқушылар сыныптың ортасына жиналып, мұғалім «атом» сөзін айтқанда, бір-бірден ретсіз қозғалысқа түседі. «Молекула» сөзін айтқанда, бірігеді. Егер «молекула 2» деп айтылса, жұптасулары қажет, «молекула 3» делінсе, 3 оқушы бірігеді.</p>	
<p>25-30</p>	<p>Топқа біріккеннен кейін оқушылар «FILA» кестесімен танысып, бейнебаянды 2-рет тыңдайды.</p> <p><b>Тапсырма:</b></p> <p>Бейнебаянда көтерілген мәселені анықтап, кестені толтырыңдар.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>1. Мәтін тақырыбына, мәселесіне қатысты негізгі ақпараттарды анықтайды. -1б.</p>	
<p>30-35</p>	<p>2. Мәселенің тууына себеп болған жайттарды табады. -1б</p> <p>3. Себептердің шешімін табуға жетелейтін сұрақтар құрастырады. -1б.</p> <p>4. Мәселені шешудің жолдарын ұсынады. -1б.</p> <p>Топтан бір өкіл сайлап, оқушылар сағат тілі бойынша басқа топтарға өз кестелерін таныстырады.</p>	
	<p><b>Бағалау.</b></p> <p>Тыңдаған топ оқушылары дескрипторға сай оқушыларға кері байланыс беріп, бағалайды.</p>	

<p>Әр оқушы <i>«Ата-анамызға құрметпен қарайық, себебі...»</i> деген сөйлемді жалғастырады.</p> <p><b>Тапсырма.</b> Берілген сөйлемді жалғастырып, себебін көрсетіңдер: <i>«Ата-анамызға құрметпен қарайық, себебі...»</i></p> <p><b>Дескриптор:</b> 1. <i>Сөйлемді мағынасына сай жалғастырады. -16.</i> 2. <i>Құрметтеудің 3 себебін көрсетеді. -16.</i></p> <p>Әр оқушы өз сөйлемдерін айтып шығады.</p> <p><b>ТЖ. Оқылымалды тапсырма.</b> Оқушылар мәтінмен танысады. Мәтін тақырыбына қатысты негізгі, қосымша ақпаратты табады, мәтінде көтерілген мәселені анықтайды. Сұрақтар құрастырады.</p> <p><b>Тапсырма:</b> Мәтінді мұқият оқыңдар. Мәтін тақырыбына қатысты негізгі, қосымша ақпаратты, мәтінде көтерілген мәселені анықтандар. Сұрақтар құрастырыңдар.</p> <p><b>Дескриптор:</b> 1. <i>Мәтіндегі қосымша ақпаратқа қатысты қарапайым сұрақ құрастырады. -16.</i> 2. <i>Мәтіндегі негізгі ақпаратқа қатысты нақтылаушы сұрақ құрастырады. -16.</i></p> <p>Оқушыларға қарапайым, нақтылаушы сұрақтар туралы ақпарат беріледі. Берілген ақпаратты қолдана отырып, оқылым тапсырмасын орындайды.</p>
--

<p><b>Сабақтың соңы 35-40</b></p>	<p><b>Рефлексия</b> Оқушылар рефлексия парағын толтырады.</p> <table border="1"> <tr> <td><i>Сабақтағы жетістіктерім</i></td> <td><i>Оның себептері</i></td> <td><i>Сабақтағы кемшіліктерім</i></td> <td><i>Оның себептері</i></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>				<i>Сабақтағы жетістіктерім</i>	<i>Оның себептері</i>	<i>Сабақтағы кемшіліктерім</i>	<i>Оның себептері</i>					<p><i>4-қосымша</i></p>
	<i>Сабақтағы жетістіктерім</i>	<i>Оның себептері</i>	<i>Сабақтағы кемшіліктерім</i>	<i>Оның себептері</i>									
<p><b>Қосымша ақпарат</b></p>													
<p><b>Дифференциация</b> – Сіз оқушыларға қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>		<p><b>Бағалау</b> – <b>Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</b></p>	<p><b>Денсаулық және қауіпсіздік ережелерін сақтау</b></p>										
<p><b>«FILA» кестесін</b> толтыру кезінде топтағы оқушылардың деңгейлеріне байланысты 4 оқушыға 4 бағанды толтыруды тапсыру қажет. Осы арқылы оқушылардың топтағы қызметін де қадағалауға болады.</p>		<p><b>Бағалау</b> оқушы - оқушы, оқушы - мұғалім түрінде жүргізіледі.</p>	<p>Оқушылар « а т о м , молекула » сергіту ойыны кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтаулары қажет.</p>										
<p><b>Ойлану</b> Сабақ мақсаттары/ оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</p>		<p><b>Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</b></p>											

А.М. АЖИБАЕВА,  
«Жаңа ғасыр»  
№175 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Алматы қаласы

## ТЕАТР ЖАНРЛАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

(Сөйлемнің коммуникативтік түрлері  
(хабарлы, сұраулы,  
лепті, бұйрықты)

<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:</b>	<b>8.3.5.1</b> оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу.
	<b>8.4.4.4</b> жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану.
<b>С а б а қ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> Әр бөлігінен алынған ақпараттан жинақы мәтін құра алады. Аннотация мен тезис туралы түсінік қалыптасады. Жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолданады.
	<b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> Әр бөлігінен алынған ақпараттан жинақы мәтін құра отырып, аннотация мен тезис жазуды меңгереді. Сөйлемнің коммуникативтік түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты) пайдалана алады.

	<b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Театр жанрлары мен түрлері туралы жазылған ғылыми еңбектерге тезис пен аннотация жаза алады
<b>Бағалау критерийі</b>	<b>1.</b> Мәтіннің баяндау желісін сақтай отырып, жинақы мәтін құра алады. <b>2.</b> Тезис пен аннотация жаза отырып, сөйлемнің коммуникативтік түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты) пайдалана алады.
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Талдау, жинақтау.
<b>Алдыңғы оқу</b>	<b>7.3.5.1.</b> Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу.
<b>Құндылықтар</b>	<i>Мәдениет ұлттық жүйені табысты дамытудың ең маңызды шарты екендігі туралы ұғынады.</i>
<b>Жоспар</b>	

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
1 мин.	<b>Психологиялық ахуал қалыптастыру</b> <b>«Бұзық телефон» әдісі</b>	Театрлардың суреттері
1 мин.	<b>Топқа бөлу</b> Оқушыларға М.Әуезов атындағы драма театры, Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры, «Астана Опера» театрының суреттері беріледі. Әр партада	

3 мин.	<p>бұрыштамада осы суреттер тұрады, сәйкес суреттері бар оқушылар сол топтарға барып бірігеді.</p> <p><b>1-топ «М.Әуезов»</b>  <b>2-топ «Астана Опера»</b>  <b>3-топ «Ғ.Мүсірепов»</b></p> <p>Үй тапсырмасын сұрау.  <b>«Сұрақты қағып ал» әдісін</b> пайдаланамын.</p>	Бұршақ салынған қорап
1 мин.	<p><b>Жана сабақтың тақырыбын ашу.</b>  <b>Ширату жаттығуы:</b>  <b>«Қазына іздеу жолында» әдісі</b> арқылы сабақты ашу. Сабақ тақырыбына қатысты бірнеше сөз жасырылады, әр оқушы бір-бір қағаздан алып жазылған сөздерді оқиды. (<i>Драма, опера, сахна, зал, көрермен, перде, режиссер, әртіс</i>). Осы сөздерге қатысты жалпы бір сөзді табуға ұсыныс жасалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты бір сөзді айтқан кезде жәшіктен қағаз алу тоқтатылады. Дәйексөз интерактивті тақтадан шығарылады.</p> <p><b>Театр</b> – адамның өзін-өзі сахнадан көріп, өзін-өзі түсінетін орны.  <b>Григорий Ревзин</b></p>	Шиыршықталған қағаз салынған жәшік
1 мин.	<p><b>Мақсатпен таныстыру</b>  <b>Критерий құру немесе таныстыру.</b></p>	Интер-активті тақтада дәйексөз жазылып тұрады.

9 мин.	<p><b>Топтық талдау</b>  <b>1-тапсырма</b>  <b>«Ақпаратты сүзу» әдісі</b>  Мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен (<i>кіріспе, негізгі, қорытынды</i>) алынған ақпараттардан жинақы мәтін құра.</p> <p><b>Дескриптор</b></p> <table border="1" data-bbox="1217 378 1677 748"> <tr> <td data-bbox="1217 378 1381 748">1. Мәтіннің баяндау желісін сақтай отырып, жинақы мәтін құра алады.</td> <td data-bbox="1381 378 1677 476">1. Мәтіннен негізгі ақпаратты анықтайтын тірек сөздерді сүзіп ал.</td> </tr> <tr> <td></td> <td data-bbox="1381 476 1677 589">2. Тірек сөздерді қатыстырып әр бөлім мазмұнын айқындайтын 10 сөйлем жаз.</td> </tr> <tr> <td></td> <td data-bbox="1381 589 1677 687">3. Сөйлемдерді біріктіріп 70 сөзден тұратын жинақы мәтін құра.</td> </tr> <tr> <td></td> <td data-bbox="1381 687 1677 748">4. Тиісті тыныс белгілерін қой.</td> </tr> </table>	1. Мәтіннің баяндау желісін сақтай отырып, жинақы мәтін құра алады.	1. Мәтіннен негізгі ақпаратты анықтайтын тірек сөздерді сүзіп ал.		2. Тірек сөздерді қатыстырып әр бөлім мазмұнын айқындайтын 10 сөйлем жаз.		3. Сөйлемдерді біріктіріп 70 сөзден тұратын жинақы мәтін құра.		4. Тиісті тыныс белгілерін қой.	Қазақ тілі 8-сынып «Мектеп» бағасы 170-бет
1. Мәтіннің баяндау желісін сақтай отырып, жинақы мәтін құра алады.	1. Мәтіннен негізгі ақпаратты анықтайтын тірек сөздерді сүзіп ал.									
	2. Тірек сөздерді қатыстырып әр бөлім мазмұнын айқындайтын 10 сөйлем жаз.									
	3. Сөйлемдерді біріктіріп 70 сөзден тұратын жинақы мәтін құра.									
	4. Тиісті тыныс белгілерін қой.									
2 мин.	<p><b>Кері байланыс</b>  <b>«Ықшам тақталар» әдісі</b> арқылы бірін-бірі бағалау.</p> <p>1. <i>Сен көптеген ұтымды детальдерді пайдаланыпсың, әсіресе.....</i>  2. <i>Сөз қолданысың тиімді болған, себебі....</i>  3. <i>Сен оқырманға шынымен де әсер етесің, себебі....</i></p> <p><b>Жұптық жұмыс</b>  <b>2-тапсырма</b></p>									
10 мин.	<p>Театр жанрлары мен түрлері туралы мәтін бойынша тезис, аннотация жаз және сөйлемнің коммуникативті түрлерін (<b>хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты</b>) қолдан.</p>									



2 мин.	<p><b>«Ромбтық жіктелім» әдісі</b></p>	
	<p><b>Дескриптор:</b></p> <table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 50%; vertical-align: top;"> <p>2.Тезис пен аннотация жаза отырып, сөйлемнің коммуникативтік түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті, б ұ й р ы қ т ы ) қолданады.</p> </td> <td style="width: 50%; vertical-align: top;"> <p>1. Театр жанрының ерекшеліктерін анықтайтын ақпараттарды тап.</p> <p>2. Ақпараттарды маңыздысынан төмен қарай орналастыр.</p> <p>3. Алынған ақпараттарды пайдаланып, тезис пен аннотация жаз.</p> <p>4. Жазу барысында сөйлемнің коммуникативтік түрлерін қолдан.</p> </td> </tr> </table> <p><b>Кері байланыс:</b>  <b>ҚӨДК тәсілі</b>  1. Қос....  2. Өзгерт....  3. Дамыт.....  4. Күрделендір.....</p> <p><b>3-тапсырма</b>  Театр жанрлары мен түрлеріне «Кластер» әдісі арқылы топтастыру жаса.</p>	<p>2.Тезис пен аннотация жаза отырып, сөйлемнің коммуникативтік түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті, б ұ й р ы қ т ы ) қолданады.</p>
<p>2.Тезис пен аннотация жаза отырып, сөйлемнің коммуникативтік түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті, б ұ й р ы қ т ы ) қолданады.</p>	<p>1. Театр жанрының ерекшеліктерін анықтайтын ақпараттарды тап.</p> <p>2. Ақпараттарды маңыздысынан төмен қарай орналастыр.</p> <p>3. Алынған ақпараттарды пайдаланып, тезис пен аннотация жаз.</p> <p>4. Жазу барысында сөйлемнің коммуникативтік түрлерін қолдан.</p>	
3 мин.		

<p><b>Соңы</b> <b>5 мин.</b></p>	<p><b>5-5-1</b>  Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергені туралы 5 сөйлем жазады, оны 5 сөзге қысқартады, соңында 1 сөзге қысқартады. Сол бір сөзді сыныппен талқылайды.</p>	
<p><b>1 мин.</b></p>	<p><b>Үйге тапсырма</b>  «Театрдың тәрбиелік мәні» тақырыбында мәтін құрастырып, тезис жазу.</p>	
<b>Қосымша ақпарат</b>		
<b>Саралау</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Пәнаралық байланыс</b>
	<p>«Ықшам тақталар» әдісі  ҚӨДК тәсілі</p>	<p>Өнер, тарих, әдебиет</p>
<b>Рефлексия</b>		


**Е. БАКРАМБЕК,**  
**«Жаңа ғасыр»**  
**№175 гимназияның**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәндерінің мұғалімі.**  
 Алматы қаласы

## БЕСІККЕ САЛУ

<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:</b>	<p><b>5.3.5.1</b> оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу.</p> <p><b>5.4.1.1</b> қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу (дыбыстық талдау).</p>
<b>С а б а қ мақсаттары</b>	<p><b>Барлық оқушылар орындай алады:</b>                  Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады және қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазады (дыбыстық талдау).</p>
	<p><b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b>                  Видеодан көргені бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады және қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазады (дыбыстық талдау).</p>

	<p><b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b>                  Тыңдаған мәтіндері бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады және қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазады (дыбыстық талдау).</p>	
<b>Бағалау критерийі</b>	<p><b>1.</b> Оқылым мәтіні бойынша негізгі ақпараттарды сақтап, жинақы мәтін жазады.  <b>2.</b> Видеодан көргені бойынша негізгі ақпаратты сақтап жинақы мәтін жазу кезінде орфографиялық норманы сақтайды.</p>	
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	<p>Білу, түсіну, қолдану.</p>	
<b>Алдыңғы оқу</b>	<p>Қазақ халқының салт-дәстүрлері.</p>	
<b>Құндылықтар</b>	<p><i>Мәдениет ұлттық жүйені табысты дамытудың ең маңызды шарты екендігі туралы ұғынады.</i></p>	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	<p>Қазақ әдебиеті</p>	
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<p><b>1 мин.</b></p>	<p><b>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</b>  <b>Ребусты шешіп, сабақтың тақырыбын анықтайды.</b></p> <p align="center">  </p>	<p>Суреттер</p>

2 мин.	<p><b>Жаңа сабақтың тақырыбын ашу.</b>  <b>Ширату сұрақтары:</b>          – <i>Бесікке салу дәстүрі кімге қатысты?</i>          – <i>Бесік жайлы не білесің?</i>          – <i>Бесік жыры дегеніміз не?</i></p> <p><b>Мақсатпен таныстыру:</b>  <b>Жұптық жұмыс</b>  <b>1-тапсырма</b></p>													
7 мин.	<p><i>Мәтінді мұқият оқып, негізгі ақпаратты анықтайды. Мәтіннен аралас буынды сөздерді табады.</i></p> <p><b>Дескриптор</b></p> <table border="1" data-bbox="246 571 701 873"> <thead> <tr> <th><i>Бағалау критерийі</i></th> <th><i>Дескриптор</i></th> <th><i>Балл</i></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td><i>Оқылым мәтіні бойынша негізгі ақпараттарды анықтайды және аралас буынды сөздерді табады.</i></td> <td><i>Мәтінді мұқият оқы.</i></td> <td><i>1</i></td> </tr> <tr> <td></td> <td><i>Негізгі ақпаратты анықта.</i></td> <td><i>1</i></td> </tr> <tr> <td></td> <td><i>Аралас буынды сөздерді тап.</i></td> <td><i>1</i></td> </tr> </tbody> </table>	<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Балл</i>	<i>Оқылым мәтіні бойынша негізгі ақпараттарды анықтайды және аралас буынды сөздерді табады.</i>	<i>Мәтінді мұқият оқы.</i>	<i>1</i>		<i>Негізгі ақпаратты анықта.</i>	<i>1</i>		<i>Аралас буынды сөздерді тап.</i>	<i>1</i>	
<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Балл</i>												
<i>Оқылым мәтіні бойынша негізгі ақпараттарды анықтайды және аралас буынды сөздерді табады.</i>	<i>Мәтінді мұқият оқы.</i>	<i>1</i>												
	<i>Негізгі ақпаратты анықта.</i>	<i>1</i>												
	<i>Аралас буынды сөздерді тап.</i>	<i>1</i>												
2 мин.	<p><b>Кері байланыс</b>  <b>«Найзағай сұрақтар» әдісі</b></p> <p><b>2-тапсырма</b>  <b>Жұптық жұмыс</b></p>													
10 мин.	<p>Видеоны мұқият қарап, негізгі ақпаратты анықтайды, жинақы мәтін жазады.</p> <p><b>Дескриптор</b></p>													


2 мин.	<table border="1" data-bbox="1215 120 1681 511"> <thead> <tr> <th><i>Бағалау критерийі</i></th> <th><i>Дескриптор</i></th> <th><i>Балл</i></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td><i>Видеодан көргені бойынша негізгі ақпаратты сақтап жазу кезінде орфографиялық норманы сақтайды.</i></td> <td><i>Видеоны мұқият қара</i></td> <td><i>1</i></td> </tr> <tr> <td></td> <td><i>Негізгі ақпаратты анықта.</i></td> <td><i>1</i></td> </tr> <tr> <td></td> <td><i>Жинақы мәтін құрастыр</i></td> <td><i>1</i></td> </tr> <tr> <td></td> <td><i>Орфографиялық норманы сақтап сауатты жаз.</i></td> <td><i>1</i></td> </tr> <tr> <td></td> <td><i>Өз ойыңды білдір.</i></td> <td><i>1</i></td> </tr> </tbody> </table> <p><b>Қосымша тапсырма: “Бесік” сөзіне дыбыстық талдау жаса.</b></p> <table border="1" data-bbox="1215 604 1636 774"> <thead> <tr> <th><i>Бағалау критерийі</i></th> <th><i>Дескриптор</i></th> <th><i>Балл</i></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td><i>Берілген сөзге дыбыстық талдау жасайды.</i></td> <td><i>“Бесік” сөзіне дыбыстық талдау жаса.</i></td> <td><i>2</i></td> </tr> </tbody> </table> <p><b>Кері байланыс:</b>  <b>“Тәтті жауап”</b> \сабаққа белсенді қатысқан жұптарға тәттілер таратылады.\</p>	<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Балл</i>	<i>Видеодан көргені бойынша негізгі ақпаратты сақтап жазу кезінде орфографиялық норманы сақтайды.</i>	<i>Видеоны мұқият қара</i>	<i>1</i>		<i>Негізгі ақпаратты анықта.</i>	<i>1</i>		<i>Жинақы мәтін құрастыр</i>	<i>1</i>		<i>Орфографиялық норманы сақтап сауатты жаз.</i>	<i>1</i>		<i>Өз ойыңды білдір.</i>	<i>1</i>	<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Балл</i>	<i>Берілген сөзге дыбыстық талдау жасайды.</i>	<i>“Бесік” сөзіне дыбыстық талдау жаса.</i>	<i>2</i>	<p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=355tPm-dRvs">https://www.youtube.com/watch?v=355tPm-dRvs</a></p>
<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Балл</i>																								
<i>Видеодан көргені бойынша негізгі ақпаратты сақтап жазу кезінде орфографиялық норманы сақтайды.</i>	<i>Видеоны мұқият қара</i>	<i>1</i>																								
	<i>Негізгі ақпаратты анықта.</i>	<i>1</i>																								
	<i>Жинақы мәтін құрастыр</i>	<i>1</i>																								
	<i>Орфографиялық норманы сақтап сауатты жаз.</i>	<i>1</i>																								
	<i>Өз ойыңды білдір.</i>	<i>1</i>																								
<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Балл</i>																								
<i>Берілген сөзге дыбыстық талдау жасайды.</i>	<i>“Бесік” сөзіне дыбыстық талдау жаса.</i>	<i>2</i>																								
Соңы 6 мин.	<p><b>Үй тапсырмасы</b>  <b>Аралас буынды сөздерді пайдаланып, “Бесік жыры” тақырыбына мәтін құрау.</b></p>																									
Бағалау	<p><b>«Бағдаршам» әдісі</b></p> <p><i>Қызыл – 1-5 балл;</i>  <i>Сары – 6-8 балл;</i>  <i>Жасыл – 9-10 балл.</i></p>																									

М.С. КАМЗИНА,  
«Жаңа ғасыр»  
№175 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Алматы қаласы



## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ “ЖАСТАРҒА” ӨЛЕҢНІҢ ИДЕЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ


<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</b>	<p><b>8.3.2.1</b> шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;</p> <p><b>8.3.3.1</b>Өлеңнің көркемдік идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу.</p>
<b>С а б а қ мақсаттары</b>	<b>Оқушылардың барлығы:</b> Өлеңдегі материалдық және рухани құндылықтарды түсінеді; Өлеңнің рухани құндылығын ашады.
	<b>Оқушылардың көпшілігі:</b> өлеңнің материалдық және рухани құндылықтарны заманауи тұрғыда салыстырады; Ұлттық мүдде тұрғысынан өзіндік талдау жасайды.
	<b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Жазылым жұмысында шығарманың жаңашылдығына баға беріп, өз көзқарастарын нақты жеткізеді.
<b>Бағалау критерийлері</b>	<p>-Ең алдымен өлеңнен материалдық және рухани құндылықтарды тауып аламыз.</p> <p>-Құндылықтың өлеңге қатысын анықтап талдау жасаймыз.</p>

	<p>-Құндылықты шынайы өмір тұрғысынан салыстыра отырып түйінді ой айтамыз.</p> <p>-Өлеңнің заманауилығы мен жаңашылдығына баға береміз.</p>
<b>О й л а у деңгейлері</b>	Білу, түсіну, қолдану.
<b>Тілдік мақсат</b>	<b>Оқушылар орындай алады:</b> Ата-бабаларымыз айтып кеткен құнды ақыл-өсиеттермен танысады.
	<i>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</i> <i>Өшпес өмір-бессмертная жизнь-immortal life, таусылмас мал-неисчерпаемое животное-an inexhaustible animal.</i>
	<i>Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</i> <i>Менің ойымша... жас кезімізде, асыл адамдардан білімді, ақылды, әдепті үйренген дұрыс па деп ойлаймын, себебі...</i>
	<i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i> <i>Автордың «Жастарға» өлеңінен бойыңа не сіңіре аласың? деген сұрақ тәңірегінде ойтолғау жасайды.</i> <i>-Не себепті .... деп ойлайсыз?</i>
<b>Құндылықтарға баулу</b>	<i>Сын тұрғысынан ойлау, белсенділік таныту, ұлттық патриотизм, өмір бойы білім алу, жауапкершілік сезіну, өзара сыйластықты үйрету.</i>
<b>Пән аралық байланыс</b>	«1916 Қазан революциясы». Қазақстан тарихы.
<b>Алдыңғы оқу:</b>	Шәкәрімнің өмірі, шығармашылығымен танысты.

Жоспар			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар	
Сабақ басы 5 мин.	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Топқа бөлу.</p> <p><i>I топ – “Білім”</i></p> <p><i>II топ – “Ақыл”</i></p> <p><i>III топ – “Ғылым”</i></p> <p>ҚБ: Жарайсыңдар!</p>  <p>«Суреттер сөйлейді» әдісі</p> <p>– Мына суреттердің өлең идеясымен қандай байланысы болуы мүмкін?</p> <p>– Мына көрген бейнежазбадан қандай қандай ой түйдің? Сенің алатын тағылымың қандай?</p> <p>Мен жастарға: «Алдарыңда таудай талап тұр. Өмір заңғарлары үнемі биікке шығарады. Оған жету үшін талмай ізденіңдер?» – дер едім деп кімге және кім айтты деп ойлайсыңдар?</p> <p>– Әрине, балалар, Шәкәрім жастарға өлең де арнап жазған екен. Бүгінгі сабағыммыздың тақырыбы...</p> <p><b>Біз мынандай жұмыс жасаймыз:</b></p>	<p>А.С.Ақтанова А.Қ.Жүндібаева Қазақ әдебиеті 8-сынып Алматы, Атамұра- 2018 Топ атаулары жазылған қима қағаздар</p> <p>«Сауқат бер» добы</p> <p>АКТ мүмкіндігі</p>	

	Бағалау критерийі	Дескриптор					
	<p>-Ең алдымен өлеңнен материалдық және рухани құндылықтарды тауып аламыз</p> <p>-Құндылықтың өлеңге қатысы талданады</p> <p>-Құндылықты шынайы өмірмен салыстыру жасаймыз</p> <p>- Өлеңнің заманауилығы мен жаңашылдығына баға береміз.</p>	<p>- Өлеңнен материалдық және рухани құндылықтарды табады-1</p> <p>- материалдық және рухани құндылықтарды талдап түсіндіреді-2</p> <p>Жастар бейнесін заманауи тұрғыда салыстырады-2</p> <p>-Құндылықтардың жаңашылдығына баға береді-2</p> <p>- өз көзқарасын нақты жеткізеді-2</p>					
Сабақ ортасы 30 мин.	<p><b>1-топ.</b> Автордың жастар бойынан көргісі келген қасиеттерді (құндылықтарды) атаңыз. <b>(Білу/Түсіну)</b> Қның өлеңге қандай қатысы бар екенін дәлелде.</p> <table border="1"> <tr> <td>Өлеңдегі материалдық құндылық</td> <td>Шынайы өмірдегі материалдық құндылық</td> </tr> <tr> <td>1. Арта қалар байлық-ғылым, өнер деп ерекше бағалаған.</td> <td>Шәкәрім үгіт, үлгі, үндеу, өнеге айтып, қазақ жастарын Абай гibrатын алуға шақырады.</td> </tr> </table> <p><b>2-топ – Талдау.</b> – Шәкәрімнің Абайды үлгі алуға шақыруының мәні (құндылығы) не деп ойлайсыңдар? (өлеңнен осы мәселеге қатысты дәлел келтір, түйінді ой айт.) «... Кісі емес ескерусіз бос қаларлық»</p> 	Өлеңдегі материалдық құндылық	Шынайы өмірдегі материалдық құндылық	1. Арта қалар байлық-ғылым, өнер деп ерекше бағалаған.	Шәкәрім үгіт, үлгі, үндеу, өнеге айтып, қазақ жастарын Абай гibrатын алуға шақырады.		
Өлеңдегі материалдық құндылық	Шынайы өмірдегі материалдық құндылық						
1. Арта қалар байлық-ғылым, өнер деп ерекше бағалаған.	Шәкәрім үгіт, үлгі, үндеу, өнеге айтып, қазақ жастарын Абай гibrатын алуға шақырады.						

Өлеңнің заманауилығы	Өлеңнің жаңашылдығы	
1. Ұстазын жоғары бағалады. 2. Әдеби мұрасын жоғары бағалады. 3. Абай дәстүрін жалғастырушы.	1 2 3. Абай дәстүрі заңды жалғасын тауып, жан-жақты дамып келе жатқан асыл мұра.	
<p><b>Кері байланыс: Сұрақ:</b> -Өлеңде бүгінгі заманның өзекті мәселесі айтыла ма?</p> <p><b>3-топ. Жинақтау.</b> – Ақын қандай жаман әдеттерден аулақ болуды үндейді?(өлең жолы арқылы мысал келтір)</p> <p><b>Тақырыбы: Шәкәрім ағартушылық нысанасын жария еткен.</b></p> <p><b>Идеясы:</b> Абай көрсеткен адам болу, азамат болу. Ол өз ортасынан білімді әрі ойшыл ақын, парасатты әділ жан деп Абайды ғана таниды. Содан үйренді, өзіне үлгі етті. Жастарды адалдықты сүйеге, арамдық қулықтан қашуға, үлкеннің ақылын тыңдауға шақырды.</p> <p>Өлеңнің негізгі түйіні, тәрбиелік мәні-жамандықтан, әділетсіздік пен қиянат, зұлымдық жасаудан аулақ болуға көрсеткен үлкен тәрбие екенін аңғарамыз.</p> <p><b>1-ТАПСЫРМА</b></p> <p><b>1-топ:</b> материалдық және рухан құндылықтарды табу.</p>		
Өлеңнен үзінді	Менің түйгенім	
1. 2. 3.		

<p><b>2-топ:</b> Материалдық және рухани құндылықтарды салыстыру. «Екі жақты түсіндірме күнделігі»</p> <p><b>3-топ:</b> Екі ғасыр жастарының айырмашылықтарын салыстырады, жаңашылдығына баға беру.</p> <p>– Ақын өлеңінде кімге сенім артады? – Бүгінгі жастарға көзқарасың қандай? <b>«Венн диаграммасы».</b> <b>«Веер» әдісі.</b></p> <p><i>XX ғасыр жастары</i>                      <i>XXI ғасыр жастары</i></p>  <p><b>ҚБ: Мадақтау</b> <b>Кері байланыс орнату.</b></p> <p>1). – <i>Топта жұмыс істеу ұнады ма?</i> 2). – <i>Өзге топтың бақылау нәтижелерімен келісесіздер ме?</i></p>
<p><b>Баға береді</b> <b>Талдау сұрақтары:</b></p> <p>* <i>Ақын шығармаларында материалдық және рухани құндылықтардың қайсысы басымдылық танытады?</i> * <i>Ақын өлеңінің өз заманындағы жаңашылдығы неде?</i> * <i>Шәкәрім шығармаларының біздің заманымыздағы маңыздылығы қандай?</i></p> <p>Талдау сұрақтарын «ПОПС» формуласы бойынша тұжырымдап қорытындылайды. «Менің ойымша, бұл...» «Себебі, мен оны былай түсіндірер едім...» «Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын...» «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».</p>

М. Н. АЛСАЙ,  
«Жаңа ғасыр»  
№175 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Алматы қаласы


## ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру; 6.4.2.1. Екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану.
С а б а қ мақсаттары	Барлық оқушы орындай алады: Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады, сұрақтар құрастырады.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәтінде көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырады, екпіннің түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданады.
	Оқушылардың кейбіреулері орындай алады: Нақтылау сұрақтарын құрастырғанда екпіннің түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданады.
Бағалау критерийлері	* Мәтіннің мазмұнын түсінеді. * Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырады.

	* Екпіннің түрлерін орынды қолданады.
А л д ы ң ғ ы оқу:	6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру;
Құндылықтарға баулу:	<i>Ынтымақтастық, отбасына деген құрмет оқушыларды тарихи құндылықтарға жауапкершілікпен, құрметпен қарауға, сын тұрғысынан ойлауға баулу.</i>
Пәнаралық байланыс	Қазақ әдебиеті, өзін-өзі тану.

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
2 мин.	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. Сурет арқылы тақырыпты болжайды.</p>  <p>Топқа біріктіру. «Мозайка» әдісі арқылы топқа бөлінеді.</p>	

	<p><b>Оқушыларға қиындылары беріледі сурет</b></p> <p>1. <i>Қазақстан картасының суреті;</i>  2. <i>Отбасының суреті;</i>  3. <i>Ата-ананың суреті.</i></p> <p><b>1-топ – «Туған жер»</b>  <b>2-топ – «Отбасы»</b>  <b>3-топ – «Ата-ана»</b></p>	<p><b>Әртүрлі суреттер</b></p>
<b>3 мин.</b>	<p><b>Жаңа сабақтың тақырыбын ашу.</b>  <b>Ширату жаттығулары</b></p> <p><b>«Кинометафора» әдісі</b>  арқылы сабақты ашу.  Интерактивті тақтадан отбасылық құндылықтар туралы бейнематериал көрсетіледі. Сын тұрғысынан ойлау сұрақтарын қойып, сабақты ары қарай өрбіту.</p> <p><b>1 мин.</b> * <i>Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер?</i></p> <p><b>1 мин.</b> * <i>Тату-тәтті отбасы болу үшін әр адам қандай болу қажет?</i></p> <p>* <i>Адам бойындағы ең асыл қасиет не деп ойлайсыңдар?</i></p> <p><b>10 мин.</b> <b>Максатпен таныстыру.</b>  Критерий құру немесе таныстыру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b>  <b>1-тапсырма</b>  <b>«Спикер» әдісі</b> арқылы  <b>«Дастарқан» мәтінін</b> оқиды,  түсінеді.</p>	<p>«Қазақтілі» оқулығы,  «Атамұра» баспасы 36-37 бет</p>

	<p>Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыр.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th><i>Бағалау критерийі</i></th> <th><i>Дескриптор</i></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td><i>1. Мәтіндегі көтерілген мәселені, негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға арналған нақтылау сұрақтарын құрастыра алады.</i></td> <td> <p><i>1. Мәтінді түсініп оқы;</i></p> <p><i>2. Негізгі және қосымша ақпараттарды анықта;</i></p> <p><i>3. Мәтінде көтерілген мәселені тап;</i></p> <p><i>4. Нақтылау сұрақтарын құрастыр;</i></p> </td> </tr> </tbody> </table>	<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>1. Мәтіндегі көтерілген мәселені, негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға арналған нақтылау сұрақтарын құрастыра алады.</i>	<p><i>1. Мәтінді түсініп оқы;</i></p> <p><i>2. Негізгі және қосымша ақпараттарды анықта;</i></p> <p><i>3. Мәтінде көтерілген мәселені тап;</i></p> <p><i>4. Нақтылау сұрақтарын құрастыр;</i></p>	
<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>					
<i>1. Мәтіндегі көтерілген мәселені, негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға арналған нақтылау сұрақтарын құрастыра алады.</i>	<p><i>1. Мәтінді түсініп оқы;</i></p> <p><i>2. Негізгі және қосымша ақпараттарды анықта;</i></p> <p><i>3. Мәтінде көтерілген мәселені тап;</i></p> <p><i>4. Нақтылау сұрақтарын құрастыр;</i></p>					
<b>2 мин.</b>	<p><b>Кері байланыс:</b>  <b>«Табыс сатысы» әдісі</b>  – <i>Менің ойымша, ...</i>  – <i>Себебі, мен оны ... түсіндіремін.</i>  – <i>Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын.</i>  – <i>Осыған байланысты мен ... деген қорытынды шешімге келдім.</i></p>					
<b>9 мин.</b>	<p><b>2-тапсырма</b>  <b>Жұптық жұмыс.</b>  <b>«Стикердегі сұхбат» әдісі</b>  Стикерде жазылған тірек сөздер арқылы диалог құрастыр. Диалог барысында екпін түрлерін тиімді қолдан.</p>	<p>Стикерлер</p> 				



Р. С. ДОШАНОВА,  
«Жаңа ғасыр»  
№175 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Алматы қаласы


## АСТАНА ҚАЛАСЫ – МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

	<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Дескриптор</i>	
	1. Екпіннің түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданады.	1. Диалог құрастыр; 2. Тірек сөздерді орынды пайдалан; 3. Сөз және сөйлем ішінде екпін түрлерін тиімді қолдан.	
3 мин.	<b>Кері байланыс.</b> <b>«Кофе-брейк» әдісі</b> <b>3-тапсырма.</b> Берілген сөздерден мақал-мәтел құрастырып жазыңдар.		«Қазақ тілі» оқулығы, «Атамұра» баспасы 36-37 бет
3 мин.	1. <i>Ұя, ұшу.</i> 2. <i>Әке, ұл, ана, қыз, өсу.</i> 3. <i>Әке, тау, ана, бұлақ, бала, құрақ.</i>		
<b>Сабақтың соңы</b> 6 мин.	Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергені Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергені жайлы бағдаршам түсі арқылы ( <i>қызыл түс – түсінбедім; сары түс – түсіндім, бірақ қиындықтар кездеседі; жасыл – білдім, үйрендім</i> ) талқылайды. <b>Үйге тапсырма: «Отбасыма хат».</b> Отбасы күніне құттықтау хат жазу.		
<b>Қосымша ақпарат</b>			
<b>Саралау</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Пәнаралық байланыс</b>	
	<b>«Кофе-брейк» «Табыс сатысы»</b>		
<b>Рефлексия</b>			

<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</b>	<b>6.1.5.1</b> .тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру. <b>6.4.3.1.</b> неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу.
<b>С а б а қ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушы орындай алады:</b> Тыңдаған мәтіннің мазмұнын анық түсінеді. Мәтін мазмұны негізінде қойылған жалпы және нақты сұрақтарға жауап береді.
	<b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> Терминдер мен кәсіби сөздерді орынды қолданып, сұрақтарға жауап береді және ойын ашық жеткізеді. Оқушылар мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады.
	<b>Оқушылардың кейбіреулері орындай алады:</b> Неологизм, кәсіби сөз және термин сөздердің қолданыс аясын түсінеді және ажырата біледі, талдау жасап, өмірмен байланыстыра отырып, шығармашылық тапсырмаларды орындай алады.

<b>Бағалау критерийлері</b>	<p>* Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;</p> <p>* Негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады;</p> <p>* Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде жалпы және нақты сұрақтарға жауап береді;</p> <p>* Неологизм, термин және кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсінеді және ажырата біледі.</p>
<b>Тілдік мақсат</b>	<p><b>Оқушылар орындай алады:</b> неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздер туралы мәліметтерді біледі, ережесін айтады, сұрақтарға жауап береді, коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысады, ойын ашық жеткізеді, неологизм сөздердің қолданыс аясын түсінеді және ажырата біледі, талдау жасап, шығармашылық тапсырмаларды орындайды.</p> <p><b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> ЭКСПО, Бренд Әлеуметтік желі, опера театры.</p> <p><b>Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:</b> Елорда дамуы; инфроқұрылым дамуы.</p>
<b>Алдыңғы оқу:</b>	Лексикография. Диалектологиялық сөздік.
<b>Құндылықтарға баулу:</b>	«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. Қазақстан тәуелсіздігі және Астана. Отанға құрмет.

<b>Пәнаралық байланыс</b>	Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, биология, музыка.	
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b> 5 мин.)	Сәлемдесу, түгендеу, оқушылардың назарын түгел сабаққа аудару, әр қатарға атау беру. <i>I-қатар – Ақорда;</i> <i>II-қатар – Бәйтерек;</i> <i>III-қатар – Хан Шатыр.</i> Тыңдалым алды тапсырма. Оқушыларға бірнеше сұрақтар ұсынылады. – «Мәдениет» сөзін қалай түсінесіңдер? – Астананы мәдениет орталығы деп айта аламыз ба? – Рухани байлық дегенді қалай түсінесіңдер?	<b>Интер-белсенді тақта</b>
<b>5 мин.</b>	<b>Бағалау.</b> Өз ойын айтуда қысылмай еркін әрі әдемі жеткізуге тырысқан оқушыға мұғалім « <b>Керемет!</b> », ал өзінің пікірін барынша жеткізгендерге « <b>Жарайсың!</b> » деп жазылған қағаздармен марапат жасау. Оқушылар қол соғып жігерлендіреді.	«Қазақ тілі» оқулығы, «Атамұра» баспасы 77-78 бет

<p><b>4 мин.</b></p> <p><b>Сабақтың ортасы</b></p> <p><b>20 мин.</b></p>	<p><b>* Мұғалім түсіндірмесі:</b></p> <p>– Мәтінде не туралы айталған. Мұқият тыңдап, мазмұнын біліп алу.</p> <p>– Мәтіннің мағыналық бөлігінде негізгі және қосымша ақпарат болады.</p> <p>– Мәтіндегі негізгі ақпарат – мәтіннің негізгі идеясы, негізгі фактілері.</p> <p style="text-align: center;"><b>Мағынаны тану.</b></p> <p><b>«Астана қаласы – мәдениет орталығы» тақырыбындағы аудиожазба тыңдатылады. (2 мәрте)</b></p>					
	<p><b>Тыңдалым бойынша тапсырма:</b></p> <p><b>1. Тыңдалым мәтіні не туралы екен?</b></p> <p><b>2. Мәтіннен өзіңе ұнаған тұсын жұбымен ақылдаса отырып, дәптерлеріне жазады.</b></p> <p><b>3. Мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды тауып, кестеге толтырады.</b></p>					
	<table border="1" style="width: 100%;"> <thead> <tr> <th style="width: 50%;">Негізгі ақпарат</th> <th style="width: 50%;">Қосымша ақпарат</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td style="height: 20px;"></td> <td style="height: 20px;"></td> </tr> </tbody> </table>		Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат		
	Негізгі ақпарат		Қосымша ақпарат			
<p>Әр жұп мәліметтің неліктен қызықтырғанын 1-3 сөйлеммен, тапқан ақпараттарды ажыратып жазып, тақтаға жапсырады. Қағаз қиындыларын белгілі бір бейнеде орналастыруға болады.</p> <p>Оқушылар аралап оқып, негізгі ақпаратты қосымшадан ажыратады.</p> <table border="1" style="width: 100%;"> <thead> <tr> <th style="width: 50%;">Бағалау критерийі</th> <th style="width: 50%;">Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Мәтін мазмұнын толық түсінеді.</td> <td>1балл</td> </tr> <tr> <td>Мәтіннен негізгі, қосымша ақпараттарды таба алады.</td> <td>1балл</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Мәтін мазмұнын толық түсінеді.	1балл	Мәтіннен негізгі, қосымша ақпараттарды таба алады.	1балл
Бағалау критерийі	Дескриптор					
Мәтін мазмұнын толық түсінеді.	1балл					
Мәтіннен негізгі, қосымша ақпараттарды таба алады.	1балл					

<i>Қызықтырған мәліметті 1-3 сөйлеммен жаза алады.</i>	1 балл																
<p><b>Бағалау.</b></p> <p>Бағдаршам белгілері арқылы бағалау</p> <p><b>Кері байланыс.</b> Өз пікір, ойларын смайликтер арқылы білдіреді.</p> <p><b>Тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар мен сұрақтар:</b></p> <p><b>3-топқа</b></p> <p>– Өздеріңе қандай жаңа ақпараттар алдыңдар?</p> <p>– Қандай термин сөздер мен кәсіби сөздер кездесті?</p> <p>– Қалай ойлайсыңдар, қазір Алматы қаласында түрлі өндіріс орындары мен көліктер өте көп. Сондықтан да экология мәселесі қиын десек болады. Нұр-Сұлтан қаласында да бірнеше жылдан соң сондай мәселе туындайды деп ойлайсыңдар ма?</p> <p><b>Олай болса, «Астананың болашақ келбеті» тақырыбында шағын мәтін құраймыз.</b></p>																	
<table border="1" style="width: 100%;"> <thead> <tr> <th style="width: 5%;">№</th> <th style="width: 35%;">Бағалау критерийлері</th> <th style="width: 35%;">Дескриптор</th> <th style="width: 25%;">Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td style="text-align: center;">1.</td> <td>Ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады.</td> <td>Ақпаратты байланыстырады</td> <td style="text-align: center;">1</td> </tr> <tr> <td style="text-align: center;">2.</td> <td>Сұраққа жауап беру арқылы мәтінді талдайды.</td> <td>Мәтінді талдайды.</td> <td style="text-align: center;">1</td> </tr> <tr> <td style="text-align: center;">3.</td> <td>Термин, кәсіби сөздерді қолданып мәтін құрайды.</td> <td>Қолданады.</td> <td style="text-align: center;">1</td> </tr> </tbody> </table>	№	Бағалау критерийлері	Дескриптор	Балл	1.	Ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады.	Ақпаратты байланыстырады	1	2.	Сұраққа жауап беру арқылы мәтінді талдайды.	Мәтінді талдайды.	1	3.	Термин, кәсіби сөздерді қолданып мәтін құрайды.	Қолданады.	1	
№	Бағалау критерийлері	Дескриптор	Балл														
1.	Ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады.	Ақпаратты байланыстырады	1														
2.	Сұраққа жауап беру арқылы мәтінді талдайды.	Мәтінді талдайды.	1														
3.	Термин, кәсіби сөздерді қолданып мәтін құрайды.	Қолданады.	1														
<p><b>ҚБ: көкөністердің суреті бойынша бағалайды.</b></p>																	

<b>Жұптық жұмыс</b> Оқулықтағы 12-тапсырмадағы кестені толтырады.			
	<i>Ережесі</i>	<i>Мысалы</i>	
<i>Неологизмдер</i>			
<i>Термин сөздер</i>			
<i>Диалект сөздер</i>			
<i>Кәсіби сөздер</i>			
<b>№</b>	<b>Бағалау критерийлері</b>	<b>Дескриптор</b>	<b>Балл</b>
1.	<i>Кестені толтыру</i>	<i>Кестені толтырады</i>	1
2.	<i>Ережелерін жазу</i>	<i>Ережелерді жазып, айта алады.</i>	1
3.	<i>Мысалдар келтіру</i>	<i>Мысалдар келтіре алады.</i>	1
<b>ҚБ:</b> жұлдызшаларды ұсыну.			

«Қазақ тілі»  
оқулығы,  
«Атамұра»  
баспасы  
78 бет



<b>Сабақтың соңы 6 мин.</b>	<b>Рефлексия «Бөлмедегі заттар» әдісі</b> арқылы жүзеге асады									
	<b>Орындалу шарты:</b> Әр оқушы бөлмедегі бір жансыз заттың атын жазады. Қағаздар жиналып, әр оқушы бір қағаздан суырып алады да, сол заттың атынан бүгінгі сабақ, өзінің оған қатысы туралы сөйлейді.									
	<b>Кері байланыс</b>									
	<table border="1"> <tr> <td><i>нәтиже</i></td> <td><i>жетістік</i></td> <td><i>кедергі</i></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td><i>Мен ..... нәтижеге жеттім.</i></td> <td><i>Менің жетістігім ..... болды.</i></td> <td><i>..... туралы білмегенім кедергі етті.</i></td> </tr> </table>	<i>нәтиже</i>	<i>жетістік</i>	<i>кедергі</i>				<i>Мен ..... нәтижеге жеттім.</i>	<i>Менің жетістігім ..... болды.</i>	<i>..... туралы білмегенім кедергі етті.</i>
<i>нәтиже</i>	<i>жетістік</i>	<i>кедергі</i>								
										
<i>Мен ..... нәтижеге жеттім.</i>	<i>Менің жетістігім ..... болды.</i>	<i>..... туралы білмегенім кедергі етті.</i>								

<b>Келесі сабақ тақырыбы мен мақсатын таныстыру.</b> (ЭКСПО -2017 көрмесі эссе жазуға дайындық) <b>Үйге тапсырма:</b> Шығармашылық жұмыс: Астана туралы өлең құрастыру немесе эссе жазу.
--

<b>Саралау</b> – сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? Сабақ барысында сараланған тапсырмаларды жүзеге асыруда «Сұрақ-жауап», «Тірек мәтін», «Диалог құру» әдістерін тиімді пайдаланып, үнемі оқушылардың қызығушылығын арттырып отырдым. Қабілетті оқушыға тапсырмаларды жүйелі құрып, ұсындым. Олар оқулықпен жұмыс кезінде тақырып бойынша бейнежазбаны қарап, жаңалық	<b>Бағалау</b> – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Сабақ барысында қалыптастырушы бағалау жүзеге асырылды. Бағаланған оқушылар неологизм сөздер туралы мәліметтерді білді, ережесін айтты, сұрақтарға жауап берді, коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысты, ойын ашық жеткізді, неологизм сөздердің қолданыс аясын түсінді және	<ol style="list-style-type: none"> <li><b>1. Пәнаралық байланыс</b> қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы пәндерімен жүргізілді.</li> <li><b>2. Денсаулық және қауіпсіздік шаралары</b> сақталды.</li> <li><b>3. АКТ-мен байланыс</b> жүзеге асты. Интербелсенді тақта қолданылды.</li> <li><b>4. Құндылық-тармен байланыс</b> (тәрбие элементі) «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. Қазақстан тәуелсіздігі және</li> </ol>
---	--	---

мәтінінде көтерілген мәселеге пікір білдіруде белсенділік танытты.	ажырата білді, талдау жасап, шығармашылық тапсырмаларды орындады.	Астана. Отанға құрмет сабақтың тәрбиелік элементі ретінде танылды.
<b>Рефлексия</b> – Сабақтың оқу мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? – Бүгін оқушылар нені білді? – Сыныптағы ахуал қандай болды? – Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма? – Мен уақытты тиімді пайдалана алдым ба? – Мен өз жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неге?		
<b>Қорытынды бағалау</b>		
– Қандай екі нәрсе табысты болды? (Оқытуды да, оқуды да ескеріңіз) – Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды?		

**Бағдаршам бағалау парақшасы**  
**Оқушының өз жұмыстарын бағалауы**  
**Аты-жөні: \_\_\_\_\_**

Тапсырмалар	Мен жақсы орындадым	Мен жартылай орындадым, тағы жұмыс істеуім қажет	Маған талпыну керек
	○ ол	○	○
1-тапсырма	○	○	○
2-тапсырма	○	○	○
3-тапсырма	○	○	○

## КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ АТБЕГІЛІК ӨНЕРІ

<b>С а б а қ негізделген о қ у мақсаттары</b>	<b>7.2.3.1.</b> Хроника құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату <b>7.4.3.1.</b> Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану.
<b>С а б а қ нәтижесі:</b>	<b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндерді оқиды, тақырыбы, құрылымы бойынша салыстыруға талпынады.
	<b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндерді оқиды, тақырыбы, құрылымы мен мақсатты аудиториясы бойынша салыстырады, тілдік ерекшелігін салыстыруда қателеседі.
	<b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндерді оқиды, тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы мен тілдік ерекшелігі бойынша салыстырады.

<b>Бағалау критерийі</b>	Коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш сөздерді қолданып, диалогке қатысады. - <i>Пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай біледі.</i> - <i>Идеясы ұқсас мәтіндермен танысады.</i> - <i>Мәтіндердің құрылымы мен тілдік ерекшеліктерін салыстырады.</i>
<b>Тілдік күзіреттілік</b>	<i>атбегілік, жүйрік ат, сәйгүлік, бәйге, дүрмек.</i>
<b>Ресурстар</b>	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Музыка
<b>Алдыңғы оқу</b>	Көшпенді халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік – экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі.
<b>Сабақтың жоспары</b>	

<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Сабақ барысы</b>	<b>Бағалау түрлері</b>
<b>Басталуы 5 минут</b>	<b>Ұйымдастыру кезеңі 2 минут</b> <b>Психологиялық ахуал қалыптастыру: 3 минут.</b> Барлығымыз жақсы көңіл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық! Бір-бірімізге қарап күлкімізді сыйлайық!	<b>«Өзі туралы кластер» тренинг, қағаздар, қалам.</b>

	<b>Тыңдалым. «Қызығушылықты ояту»</b> Ақан серінің «Маңмаңгер» әні <b>Ойтүрткі</b> <b>1.</b> – <i>Бұл кімнің әні?</i> <b>2.</b> – <i>Бұл әнде не туралы айтылған?</i> <b>3.</b> – <i>Бүгінгі сабағымыз не туралы болады деп ойлайсыңдар?</i>	
<b>Жаңа білім 10 минут</b>	<b>Көшпенділердің атбегілік өнері. Оқылым</b> <b>1. Мәтінді оқып, танысады.</b> <b><i>Тіней Талпақтың атбегілік өнері</i></b> <i>Тіней Талпақ мырзаның атбегілік атағы алысқа жайылды. Қолына домбыра алып, қоңыр дауыс пен әнге салатыны да бар. Әсіресе жүйрік аттары жайлы шығарған жырлары бүгінге жетті. Сондай әндердің бірі – «Райгер». Райгер – Талпақтың ерен жүйрік аты. Бұдан басқа оның Бозат, Көкала деген сәйгүліктері болыпты. Бозат пен Көкала – әкеден қалған көп жылқыдан жүйрік болып туған құлындар. Ал Райгердің жөні тіптен бөлек. Ағайыны Рай деген кісінің үйіне көрісе барғанда, биесі құлындап, жас құлын аяғын әлтектәлтект басып тұр екен. Талпақтың қырағы көзі жүйрік болып туған құлынның белгілерін тап басып таныды. Жаңа туған құлынга Талпақ мырзаның көңілі құлап тұрғанын Рай да байқаған. Ақыры қалауын айтқан Талпаққа:</i> – <i>Ықыласың түскен екен, мен бердім, сен алдың, бір құлынды</i>	<b>Оқулық, мәтіндер.</b>

Талпақ қымай не болыпты, – депті Рай ағасы.

– Құдай қаласа, бұл кер құлын талай бәйгені алады. Аға, сенің атыңды шығарып, бұл құлынның атын Райгер атаймын, – депті Талпақ. Қалаулы кер құлынды Талпақ мырза бөбектей баптап, құнан шыққанда қарымын байқап көріп, дөнен шыққанда, дүрмекке қосады. Райгердің ұшқан құстай саулаған шабысын талай мәрте өлеңіне арқау етті...

([el.kz/m/articles/view/content-31068](http://el.kz/m/articles/view/content-31068)).



**Дескриптор**

- Мәтінді түсініп оқиды – **1б.**
- Қосымша сұрақтарға жауап береді – **2б.**

**Әдеби тіл нормалары**  
**Интонация**

Ауызша сөйлеуде әр түрлі сазды үн шығады. Адамның сөйлеу әрекетінде эмоциялық бояу басым болады. Ауызша сөйлеу бет-жүзді құбылту, ым-шара жасау және басқа да дене қимылдары мен толықтырылады. Ауызша сөйлеу

интонациялық құбылуға өте бейім; тұрады. Интонация деген ұғымға сөйлеу қарқыны, сөйлеу сазы, дауыстың құбылуы, екпін, т.б. енеді.

**Интонацияның негізгі қызметі:**

- 1). сөйлемнің түрлерін анықтау (хабарлау, сұрау, бұйыру);
- 2). мазмұнның өзгешеліктерін ажырату;
- 3). мәтіннің ерекшеліктерін көрсету;
- 4). әр түрлі эмоцияларды ажырату.

**2-тапсырма.** Мәтіннен буын үндестігі заңдылықтарын көрсетіп, дәптерге жазыңдар.

**Үлгі:**

Жуан буынды сөздер	Ж і ң і ш к е буынды сөздер	А р л а с буынды сөздер
салтының, ...	көшпенділік, ...	табиғатын, ...

**Аяқталуы**  
**Сабақты**  
**бекіту**  
**10 минут**


**Дескриптор**

– буын үндестігін біледі – **2б.**  
– мәтіннен буын үндестігіне бағынып тұрған сөздерді табады – **3б.**  
«Сөздер банкісі» әдісімен сабақты қорытындылау. Экрандағы ат әбзелдеріне қатысты сөздерді жинақтап, артық сөздерді алып тастайды

**Берілген сөздер:** ноқта, маңдайлық, шуда жіп, құлақтық, сағалдырық, ердің алдыңғы қасы, ердің артқы қасы, ердің қаптамасы, көген, құйысқан, қанжыға, тебінгі, ауыздық, аяқ тізгін, шылбыр, тізгін, өмілдірік.

**Дескриптор**

– тапсырманы орындауға белсенді қатысады – **1б.**

	– ойын толық жеткізеді – 16. Үйге тапсырма: 21 бет 5 тапсырма.	
<b>К е р і байланыс</b> 3 мин.	– Қорытынды ретінде кластер толтырайық.  	
<b>Бағалау</b> 2 мин.	<b>Формативті бағалау жүйесі</b> бойынша бағаланады.	

Бір тақырыпқа екі сабақ



А.С.КУЛМАХАНБЕТОВА,  
«Жаңа ғасыр»  
№175 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Алматы қаласы

**ТӨЛЕН ӘБДІКОВ**  
**“ҚОНАҚТАР”**  
**ӘНГІМЕСІ**



<b>Осы сабақты меңгеруге қ о л ж е т к і з е т і н о қ у мақсаты</b>	7.3.2.1 – әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру; 7.2.1.1 – шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру.
<b>Құндылықтарды игеру</b>	<i>Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.</i>
<b>С а б а қ т ы н мақсаты</b>	<b>Барлық оқушылар орындай алады:</b> Әңгімені мазмұндай алады.
	<b>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</b> Көркем шығарманы талдай алады.
	<b>Кейбір оқушылар орындай алады:</b> Әдебиет теориясының түрлерімен жұмыс жасай алады.
<b>Б а ғ а л а у критерийі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Мәтіннің мазмұнына қатысты қосымша ақпаратты анықтайды.</li> <li>• Тақырыптың жалпы мазмұнын түсінеді, білімін көрсетеді.</li> </ul>
<b>Т і л д і к мақсаттар</b>	Лексика, әдебиет теориясы
<b>О й л а у деңгейлері</b>	Білу, қолдану, талдау, жинақтау.





<b>Пәнаралық байланыс</b>	Қазақ тілі, тарих.
<b>Алдыңғы оқу немесе бастапқы білім</b>	Композициялық талдау жасай алады.
<b>Сабақтың барысы</b>	

Кезеңдер/ уақыты	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар	Бағалау
Сабақтың басы 2 мин.	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылар топ болып отырады. Сәлемдесу. Кезекші мәліметі. <i>I топ:</i> – «Әке» тобы; <i>II топ:</i> – «Бала» тобы; <i>III топ:</i> – «Немере» тобы; <i>IV топ:</i> – «Отбасы» тобы.		
Білу 7 мин.	Топ басшылары «Сіздер білмейсіздер ғой...» тәсілі арқылы өз тобының ерекше қасиетін таныстырады. <b>Топ ережесін сақтау.</b> <b>Үй тапсырмасын сұрау.</b> “Миға шабуыл” әдісі бойынша сұрақтар қою арқылы сұрау. 1. Төлен Әбдіковтің өмірі мен шығармашылығы. 2. «Қонақтар» әңгімесін тізбектей мазмұндау арқылы әр топтан бір оқушы мазмұндап шығады. <b>Көркем шығарманы түйіндеу ретінде видео тыңдау.</b>  <b>Дескриптор.</b> 1. Оқушы әдеби тілде еркін сөйлейді. 2. Оқиға желісін бұзбай баяндайды. <b>Әдебиет теориясы.</b> – Диалог дегеніміз не? Дәптерге жазу.	   Т. Әбдіков. mp4	

<b>Сабақтың ортасы</b>  2 мин.	<b>1-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны арқылы оқиғаларды ретімен орналастыру.</b>		флип-чарт	
	<b>№</b>	<b>Мәтіннен үзінді</b>		<b>Дұрыс ретін санмен белгілеңдер</b>
	1.	<i>Курорттан қайтып бара жатқан сапарларында жолдай соқпақ болған балаларын күтіп, Ергабыл шал түн ортысы ауғанда жатса да, ертеңіне күн шықпай оянып. Алагеуімде үндемей жүріп күрсініп алды.</i>		1.
	2.	<i>Ерекең шай үстінде көп сөйлемейтін. Сол әдетімен үнсіз тұқып, қолдарының білеуленген тамырларын ұстап, ақ селеу сақалын сипап, ойланyp отыр. Бас жағымда сүйеулі тұрған ескі домбыраға шұқшып қарады, қолына алған жоқ.</i>		2.
	3.	<i>Түстен кейін жалдап алған мәшинелерінің кабинасына Жеңіс пен Томаны отырғызып, сыртқа Сапабектің өзі отырып, әке-шешелерімен тура өткен жылғыдай сүйсініп қоштасып, «ренжімеңдер» деп ақыл айтып, ауылдан шығып кетті.</i>		5
	4.	<i>Заматта гүріл үй сыртына келді. Бір-екі рет үстемелете арылдан, өшіп қалды. Мәшинеден ұлап-шулап түсіп жатыр. Бала дауысы, әйел дауысы... Ерекең қапелімде тұра алмай қалды.</i>		4
5.	<i>Бұдан соң Сапабек дүйім жұртты аузына қаратып, өзінің Лондонға, Будапештке, Мароккаға, Италияға барған сапарларын әңгімелейді.</i>	3		

	<b>Дескриптор</b> 1. Оқушы мәтінді меңгергендігін байқатады.		
<b>Талдау</b> <b>1 мин.</b>	<b>2-тапсырма.</b> <b>Сәйкестендір.</b> <b>2-тапсырма.</b> Әңгіменің композициялық құрылымын талда. 1. <i>Ерғабыл шалдың арманы.</i> 2. <i>Ерғабыл шал мен оның кемпірінің баласы Сапабекті күтуі, оған деген сағынышы.</i> 3. <i>Ұлы Сапабекке көңілі толмаған Ерғабыл шал.</i> 4. <i>Қалаға асығыс аттанған Сапабек.</i> 5. <i>Ата-ананың ұлымен қимай қоштасуы.</i>		
<b>8 мин.</b>	<b>Дескриптор.</b> 1. <i>Әдебиет теориясын біледі.</i> 2. <i>Автор идеясын дәл тауып айтады.</i> <b>Ойгүрткі.</b> 1. <i>Қазақ отбасы мүшелерінің бір-біріне деген қарым-қатынасы қандай?</i> <b>Топтық жұмыс. Постер құру.</b> <b>I топ: «Әке» тобы.</b> «Әкенің бала тәрбиесінде рөлі қандай?» <b>II топ: «Бала» тобы.</b> «Перзент парызы дегенді қалай түсінесіңдер?» <b>III топ: «Немере» тобы.</b> «Ұрпақ – өмір жалғасы» <b>IV топ: «Отбасы» тобы.</b> «Өркениетті елге сапалы отбасы керек!» (Көрініс арқылы). <b>Дескриптор:</b> • <i>Берілген тапсырма бойынша ойын толық жеткізеді.</i> <b>Топты мадақтау!</b>		

<b>3 мин.</b>	<b>Саралау тапсырмасы.</b> <b>Эпизодтарды салыстыру.</b> <b>№1 эпизод.</b> <i>Ерекең жаңа қаз тұрған балаша тәлтіректей көтеріліп, ат жақты, кішкентай сары жігітті қушағына қысты. Одан соң омырау, жеңдері ашық, шұбар көйлек киген, шашын қидырған топ-толық, ақсары, ажарлы келішекті шіміркеніңкіреп, маңдайынан сүйген болды.</i> <b>№2 эпизод</b> <i>Келесі күні Ерекең кетпенін алып, «қысқа отын жоқ, бар кезінде қи ойып» алайын деп қыстау жанындағы қораға кетті. Уайымын басу үшін тағы да жігіттік дәурені, бұрынғының адамдарын еске түсірмек болды. Бірақ құлазыған көңіліне ештеңе алданыш болмады.</i> <b>Менің пікірімше...</b> <b>Видеоролик: «Қарттар үйі»</b> <b>Ойтүйін.</b> XIX ғасырда әке мен бала арасының салқындауы перзенттің өз ата-анасын « <b>Қарттар үйіне</b> » өткізуіне әкелді. <b>Кері байланыс.</b> – <i>Мұндай ұлттық трагедия жойылу үшін не істеу керек?</i>		
<b>Сабақтың соңы</b> <b>Жинақтау</b> <b>3 мин.</b>	<b>12-тапсырма.</b> Әңгіме оқиғасын өз ойларыңмен қорытындыландар. “Кластер” әдісі бойынша «Ойларыңды түйінде!» <b>Дескриптор:</b> • <i>Оқушылар түйінді ой жасай алады..</i>		



	алады, салыстыра біледі, талдай алады, ой қорытуды үйренеді. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Негізгі идея- ата-ана алдындағы перзенттік борышты өтеу.
<b>С а б а қ түрі</b>	Жаңа білім беру сабағы.
<b>Ой қозғау</b>	Жеке тұлғаға бағытталған тапсырмалар ұсынылады. Бірлесіп іздеуге, керегінде олардың пікіралмасуға, диалогтік әңгімеге араласады.
<b>Түйінді идеялар</b>	<p>1). <i>Өздігінен іздене отырып меңгеру өзіндік түсініктеме беру қабілетіне ықпалын тигізеді.</i></p> <p>2). <i>Сыни тұрғыдан ойлау балалардың өз идеясын сенімді түрде білдіруіне, түрлі көзқарастарға көңіл бөлуге және оларды бағалауға мүмкіндік береді.</i></p> <p>3). <i>Балалардың жауабын бақылау, жазып алу мен талқылау сауатты оқытуға ықпал етеді.</i></p> <p>4). <i>Алған білімдерін кеңейтіп, жаңа дағдысын қалыптастыру, өз бетініе жаңа ақпаратты қорыта білуге үйренеді.</i></p>

Б л у м таксано-миясы	7 модуль	Ресурстар	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
	Жас ерекшеліктеріне қарай білім беру	Топтас-тыру	Нақты мақсатқа бағыттайды. Оқушыларды дербес таным іс-әрекетіне негіздеп, оған түрткі болады.	Мақсатқа дербес өзінің белсенді іс-әрекетімен жетуге тырысады
	Диалог	Ой шақыру стратегиясы	Ұйымдастыру. Психологиялық жағымды ахуал, жағдай туғызады. Топқа бөледі. Қызығушылығын ояту. Ой қозғау. Тақырыпқа	Табактағы дастарқан және шаңырақ, домбыра суреттері

			шығу. Интербелсенді тақтадан «Ата-анаға қамқорлық» бейнесюжеті көрсетіледі. <b>Проблемалық сұрақтар:</b> 1. <i>Бейнесюжет сіздерге қандай ой тастады?</i> 2. <i>Қандай тақырып қозғалды?</i> 3. <i>Осы мәселе қозғалатын қандай тақырыпқа келді? (оқулық бой.)</i> 4. <i>Неліктен шығарма «Қонақтар» деп аталады?</i> 5. <i>Жаңа бір-бірлеріңізге сыйлық ұсындыңыздар, әдетте сыйлықты кімге береміз...</i> Ендеше, бүгінгі өтетін әңгімеміздің тақырыбы... қандай болмақ? Мақсатымыз не?	б о й ы н ш а «Дастарқан», «Шаңырақ», «Домбыра» т о п қ а бөлінеді. <b>4 мин.</b>
Білу	Сыни ойлау		Ынтымақтастық атмосферасын құрады. Бір-бірімен диалог арқылы пікір алмасады.	Жеке, жұптық жұмыс түрлерін орындайды. Проблеманы шешеді.
Түсіну	Сыни ойлау	“Жылдар сөйлейді” стратегиясы	Оқулықта берілген жазушы жайлы мәліметті оқып танысады. (жеке, жұппен, топпен) 1. <b>«Жылдар сөйлейді» тапсырмасы.</b> Жазушы өмірінің елеулі кезеңдерін оқы, тоқы, есіне сақта, Флипчарт) 1. Мониторинг кестесіндегі жылдарды мәліметке сүйеніп сөйлейді (ауызша тапсырма). Бағыт-бағдар беру /тапсырма бойынша/ Ынталандырады. <b>Семантикалық кесте</b> Әңгіме мазмұнымен танысып келу тапсырылады. Мәтін мазмұнын қаншалықты меңгергендігін тексеру мақсатында семантикалық кестені толтыртады.	Өзі білетіндерін айтады. Жұбымен талқылайды.  Тақырыпты оқып игереді, талдайды. Өзі еңбегін өзі саралайды, қорытындылайды. <b>3 мин.</b> Бағдаршам арқылы бағалау.

			Берілген әрекеттерді тиісті кейіпкердің қасына орналастыру тапсырылады.	
Қолдану	Сыни ойлау	Семантикалық кесте стратегиясы	«Инсерт» әдісі бойынша мәтінмен жұмыс (жеке жұмыс), «Көршімен ақылас» әдісі негізінде (жұптық жұмыс)	
			<i>Кемпір</i>	<i>И е г і ш ы ғ ы ң қ ы , і р і қапсағай жегіт кішкене ескі домбыраның ш е к т е р і н а р б и ғ а н саусақтарымен ерiне шертiп, құлағын бұрады.</i>
			<i>Сапабек</i>	<i>Қала қыздарына тән епсiздiкпен к i ш к е н т а й қиықша көрпенiң үстiнде қалай о т ы р а р ы н бiлмей, бiресе қолымен жер тiреп, бiресе бiр ж а м б а с т а н , ж ұ р т т ы ң сөздерiне толық түсiне қоймай, әркiмге бiр қарап үнсiз отырды.</i>
			<i>Тома</i>	<i>-Мама, мама, ребята идут на озеро...</i>
			<i>Жеңiс</i>	<i>- Ж а л ы геология халық т i р ш i л г i н i ң ең басты қажеттiлiгiне айналды.</i>
			<i>Аспандияр</i>	<i>А з д ы - к ө п т i г ұ м ы р ы м н ы ң iшiнде талай б а қ т а н а й ы р ы л ы п , талай баққа қолым жеттi.</i>

			<p><i>Ерғабыл</i> <i>Дүние бірде алдын берсе, бірде артын береді.</i> - <i>И ә , жетісерсің! Бала бір жақта, біз бір жақта. Мына қу мол а д а н сүйегімізді табар бір күні.</i></p> <p>“Детальды (саналы) оқыту” әдісі бойынша кейіпкерлер әрекетіне Ерғабыл мен Сапабек бейнесіне кластер жасайды. <i>Ерғабыл Сапабек</i></p>	<p>Жаңа білімдерін талқылап, дамытып, жетілдіреді.</p> <p>Activ Inspire бағдарлама-сында флипчартпен жұмыс. Сәйкестендіру. 2 мин.</p> <p>1 мин. Смайликтер арқылы бағалайды.</p>
			<p><i>Сергіту сәті. «Қара-жап-айт-жаз-тексер» әдісі</i></p> <p><i>Тапсырма:</i> 1.Сөзге қараңыз. 2.Оны жауып тастаймыз. 3.Оны ауызша айтып шығамыз. 4.Оны есте сақтау бойынша жазыңыз. 5. Ж а з ғ а н д а р ы ң ы з д ы тексеріңіз.</p> <p><i>Берілген сөздер:</i> Ерғабыл, ұлттық дәстүр, ауыл, ата-ана, борыш, Сапабек, парыз, міндет, ата-ана ақысы, қонақ, бала, немере, келін, білім-ғылым, мейірім, жақсылық, қала, дала, ұлттық сана.</p> <p>Дәптермен жұмыс (шығармаға сатылай кешенді талдау)</p> <p>1-топ «Қонақтар» әңгімесіне сатылай кешенді талдау. «Әңгіме кестесі» әдісі бойынша. /Сәйкестендіру/</p>	<p>2 мин.</p>

Талдау	Сыни ойлау	Сатылай кешенді талдау «Ішіне, сыртына» стратегиясы	<p><b>Тақырыбы:</b> Ата-ана алдындағы борыш пен парыз.</p> <p><b>Жанр түрі:</b> Этикалық жанр түрі- шағын көлемді эпикалық түр, әңгіме.</p> <p><b>Идеясы:</b> Ата-ананы қорғай білу, құрметтеу, сыйлай білу.</p> <p><b>Шығарманың композициялық құрылысы:</b> I. Ерғабыл ақсақалдың баласы мен немересін тағатсыздана, сағына кутуі.</p> <p>2. <b>Байланысуы</b> - Қаладағы баласының келуі. Ауыл қонақтары</p> <p>3. <b>Шиеленісуі</b> - Сапабек пен әкесінің әңгімелерінің жераспауы. Ауыл әні.</p> <p>4. <b>Шарықтау шегі</b> - Ауыл қариясының Сапабектің түсініксіз әңгімесін тыйып тастауы, ән айтуды Аспандиярға ұсынуы.</p> <p>5. <b>Шешімі</b> - Соңғы үміті орындалмаған қария</p> <p><b>Шығармадағы кейіпкерлер:</b> Ерғабыл шал, кемпірі, Сапабек, Тома, Жеңіс, Аспандияр, ауыл адамдары.</p> <p><b>Баяндау тәсілдерін сәйкестендіріңіз.</b> (Диалог, монолог, пейзаж, портрет)</p> <p>2-топ --Әдеби-теориялық ұғымдар: «Ішіне, сыртына» стратегиясы</p> <p>1). <b>теңеу:</b> Ерекең жаңа қаз тұрған балаша тәлтіректей көтерілді. Аяқ - қолы шидей. Жаулықтай үлкен ақ орамалының шетімен көзін сұртті. Сапабек балаларды өзіне қаратқанмұғалімдей жастар жағын көзімен шолып өтті.</p> <p>2). <b>эпитет:</b> ақ шарбы бұлттар.</p> <p>3). <b>синекдоха:</b> тұяқсыз пенде емеспіз.</p> <p>4). <b>дисфемизм:</b> алжыған, оттаған, қаңғыбас, омалып.</p> <p>5)<b>Мақал-мәтел:</b> қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар.</p> <p>6)<b>Тұрақты тіркес:</b> Міз бақпады – беті шімірікпеді, бедірейіп</p>	<p>Әңгіме бойынша талдау жұмыстары жасалады, өзара бағаланады.</p> <p>Өз еңбегін өзі саралайды, қорытындылайды.</p> <p>7 мин. (3 мин. дайындалуға, 5 мин топтар жұмыстарын қорғайды)</p> <p>Әр топ бір-бірін басбармақ, смайликтер, алты қалпақ арқылы бағалайды.</p> <p><b>Флипчарт.</b></p>
--------	------------	---	--	---

			<p>тырп етпеді.</p> <p><b>Ләм-мим демей</b> – үндемеу (жұмған аузын ашау)</p> <p><b>Басым сынып</b> – ауырып</p> <p><b>Шаи етекпен</b> - пайдасы мол</p> <p><b>Қолының қаруы бар зой</b> – күшті, әлді</p> <p><b>Мызғып алу</b> - аз ғана ұйықтап алу (көз шырымын алу)</p> <p>7). <b>Ұлттық нақыштағы сөздер:</b> киіз үй, шапан, шаңырақ, бесін намаз, домбыра, терме, шымылдық. Осы жерде әлемдік деңгейдегі ұлттық құндылық- киіз үй.</p> <p>8). <b>Түсіндірме сөздік.</b></p> <p>* <b>Алагеуім</b> - таң енді атып келе жатқан уақыт, апақ-сапақ;</p> <p>* <b>Жолай</b> - жолдан соғу, бару;</p> <p>* <b>Шақша</b> - насыбай салатын ыдыс;</p> <p>* <b>Ноқта</b> – Жүген тәрізді мал басына кигізілетін әбзел;</p> <p>* <b>Сагағы</b> - мойын, алқым;</p> <p>* <b>Көлегейлеп</b> – қолын маңдайына апару, күннен қорғану;</p> <p>* <b>Қынжылу</b> - кейбір ренішті жағдайдың жанға батуы, қиналу;</p> <p>* <b>Қитар</b> - жөнге бірбеткей қыңыр, қисық.</p> <p><b>Оқу сауаттылығы. /Қазақ әдебиеті/</b></p> <p><b>3-топ Мәтінмен жұмыс.</b> Функционалдық сауаттылық бойынша тапсырмалар (Мини мәтін)</p> <p>Әлдеқалай шалдың көз алдына өлгеннен кейін мұны жұрттың қалай шығарып салатыны елестеді. Елестегенде, «құданың құдіретімен» өткендегі Айтбай шалдың сүйегін шығарғандағыдан бір айнымайды.</p>	
--	--	--	--	--

		<p>Бірақ мұның жұртқа үлестіретін киімі одан көп екен. Аққұдық пен Сарыөзек тегіс келген секілді. Бата оқырын бергеннен кейін атпен жарысып, мүше алып қашқандар да бар. Жұрттың бәрі: - Е-е, қайран дүние кімге опа берген, бұл кісілер де кетті-ау дүниеден. Мұндай кісілер енді тумайды, тумайды,- деп аза тұтып, енді біреулері: - Шіркін, бала деген осы ғой. –Сапабек әжесін қандай қып жөнелтті, а! Ойтырай, мұндай ұлы дүбірмен біздің елде әлі ешбір шал аттанбаған шығар,- десіп, таңғалысып бара жатқанға ұқсайды.</p> <p><b>Тест</b> «А» қиындығы</p> <p><b>1. Шалдың көз алдына не елестеді:</b> А). өлгеннен кейінгі мұны шығарып салатыны. *В). өлгенге дейінгі мұны шығарып салатыны. С). ұлы; Д). немересі Е). кемпірі.</p> <p><b>2. Жұртқа үлестіретін киімі қанша екен?</b> А). біршама екен; В). аз екен; С). көп екен; *Д). азын-аулақ екен; Е). бірен-саран екен.</p> <p><b>«В» қиындығы</b></p> <p><b>3.Тегіс келген кімдер?</b> А). жұрттың бәрі; В). Аққұдық пен Сарыөзек; *С). бәрі; Д). ауыл адамдары; Е). біреулер.</p> <p><b>4. Нені бергеннен кейін атпен жарысып, мүше алып қашқандар да бар?</b> А). жетісін; В). қырқын; С). жылын; Д). асты; Е). бата оқырын*</p> <p><b>«С» қиындығы</b></p> <p><b>5. Үзіндіге қандай атау берер едің?</b> <b>6. Әке арманы орындалды ма?</b> Тәрбиелік мәні, түйінді идеясы (шар арқылы) Оқушылардан сұрау, бағыт</p>	<p>Шар ішінен сөздерді оқиды. 2 мин.</p>
--	--	--	--

			<p>беру, шар ішіндегі түйінді сөздермен салыстыру. Әлпештеп өсірген ата-ананы сыйлау, құрметтеу, жүрек жылуын беру, т.б.</p>	
<b>Жинақтау</b>	<b>Дарынды балалармен жұмыс</b>	<b>Автор орындығы</b>	<p><b>PISA тапсырмасы. «Ойлан, жұптас, бірік» әдісі</b> <b>Сапабектің іс-әрекеті дұрыс па, бұрыс па? Дәлелденіз.</b> Екіжақты пікір келтір. Ықтимал жауап: Сапабектің де бағыты дұрыс, қазір ауылда жұмыс жоқ, ол - оқыған, білімді, ал білімділер Қазақстанның болашағы деген пікірді, немерені қалдырмаудың да дұрыстығын, тау баласының тауға қарап өсетіндігін, ауылда балабақшаның жоқтығын т. б. дәлелдеп пікір қосуы керек. Әрине, көзқарастар әртүрлі, дұрыс - бұрыс деп бөле айтуға болмайды. Ұлттық салт- дәстүр мен ғылымды тең дәрежеде ұстау керек.</p> <p><b>Шығармашылық жұмыс.</b> <b>«Еркін жазу» стратегиясы.</b> Өңгімедегі түйінді ойларды жинақтап, ой толғау жазады. (эссе, монолог, кейіпкерге хат, өлең)</p> <p><b>Рефлексия.</b> Әр топсабақтан алған әсерлерін «Күн көзі» әдісі арқылы жазып қалдырады. Маркерлік тақтада күннің көзі салынған плакат.</p> <p>Бүгінгі сабақтың қандай шуақты сәттері есінде қалды? Қандай сезімде болдың? Қандай ой салды? Қандай шешім қабылдадың? Өзіңді қалай сезіндің?</p> <p>Автордың «Қонақтар» әңгімесін жазуға себеп болған жағдайлар қандай?</p> <p>Өңгіменің «Қонақтар» деп аталуы нені меңзейді? Шығарманы оқып шыққаннан кейін қандай ойға келдік? Өңгімедегі қай адаммен</p>	

			кездескіңіз келеді? Осы әңгімені оқи отырып сен өзіңе қандай тәрбие алдың?	<p><b>5 мин.</b> Ж а ң а білімдерді қолданады. Шығармашылық жұмыс арқылы білімдерін жинақтап, ортаға салады. <b>5 мин.</b></p> <p>Әр топтан 2-3 оқушы шығып, шашақтардағы сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Жест арқылы (қошемет көрсету арқылы) бағалайды. <b>5 мин.</b></p>			
Бағалау	Сын ойлау	Интернет, қосымша оқулық	<p><b>Қорытынды</b> Дана халқымыз ұрпақтарына мұра етіп қалдырған асыл сөздерін санаға сіңіріп, «Ата-ананы сыйлау – адамзаттың парызы» деп бекер айтпаса керек. Өмір болған соң қуанышы мен қайғысы қатар жүреді емес пе? Тек бір өкініштісі – адамдардың осындай олқы оқиғаларды қолдан жасауы. Қоғамда орын алып жатқан кей әрекеттерді адам жасады дегенге сенгің де келмейді. Себебі, қазақтың, қазақилықтың сипаты - бауырмалдығында, қонақжайлылығында, «Үлкенге-құрмет, кішіге-ізет» кісілігінде. Кісілік қасиетіміз қашанда биік болғай!</p>				
			<p><b>Үй тапсырмасы:</b> Парыз, борыш жайлы қосымша мәліметтер жинақтап келу. <b>«Тұжырым кестесі» стратегиясы</b> бойынша кестені толтыру. Күнделікке үй жұмысын жазады.</p> <table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 33%;"><i>Кейінкер</i></td> <td style="width: 33%;"><i>І с - әрекеті</i></td> <td style="width: 33%;"><i>А д а м и қасиеттері</i></td> </tr> </table>	<i>Кейінкер</i>	<i>І с - әрекеті</i>	<i>А д а м и қасиеттері</i>	
<i>Кейінкер</i>	<i>І с - әрекеті</i>	<i>А д а м и қасиеттері</i>					

			Топ мүшелері критерийге сай бағалау парақтарына қорытынды бағаларын қояды, талдау жасайды. <b>2 мин.</b>	
<i>Дескрипторлар</i>	<i>«Жылдар сөйлейді» тапсырмасы</i> <i>Дұрыс-2, қате кездесе-1, орындамаса-0</i>		<i>Жаңа тақырыпты меңгеруі /сабаққа қатысуы/ Семантикалық кесте, кластер, флипчартпен жұмыс 2-1-0</i>	
<i>Оқушының аты-жөні:</i>	<i>О қ у ш ы бағасы</i>	<i>Мұғалім бағасы</i>	<i>О қ у ш ы бағасы</i>	<i>Мұғалім бағасы</i>
<i>Тапсырмаларды өз бетімен орындай алуы / сатылай кешенді талдау, оқу сауаттылығы мәтінмен жұмыс/ 2-1-0</i>		<i>Шығармашылық жұмыс, рефлексия жасай алуы (әрбір дұрыс жауап 1 ұпай)</i>		<i>Жалпы ұпайы 12-11 «5» 10-9- «4» 8-7 «3»</i>
<i>О қ у ш ы бағасы</i>	<i>Мұғалім бағасы</i>	<i>О қ у ш ы бағасы</i>	<i>Мұғалім бағасы</i>	



















































































**Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05. 12. 2020 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32  
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және  
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №12, 2020 ж., 144 бет, Алматы.